әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Математика және математикалық модельдеу институты

ӘОЖ 517.956.3 Қолжазба құқығында

ҚАХАРМАН НҰРБЕК

Азғындалған гиперболалық теңдеулер үшін жалпы регулярлы шеттік есептер

6D060100 – Математика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
физика-математика ғылымдарының докторы,
ҰҒА академигі, Профессор
Кәлменов Т.Ш.

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD, профессор
Ламберти П.Д. (Падуа, Италия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

$\mathbb{R}$	– Нақты сандар жиыны;
$\mathbb{R}^n$	– n өлшемді векторлық кеңістік;
$\partial\Omega$	– Ω ақырлы облысының шекарасы;
$\|\cdot\|_X$	– X кеңістігінінің элементінің нормасы;
$C[\Omega]$	– Ω облысында үзіліссіз функциялар кеңістігі;
$C^k[\Omega]$	– Ω облысында k -ретті дифференциалданатын функциялар кеңістігі;
$L_p(\Omega)$	– Лебег кеңістігі (p-шы дәрежесі интегралданатын өлшемді функциялар кеңістігі);
$W_p^k(\Omega)$	– Соболев кеңістігі;
$\Gamma(z) = \int_0^\infty x^{z-1} e^{-x} dx$	– Эйлер гамма – функциясы;
$J_p(x) = \sum_0^\infty \frac{(-1)^k}{k!\,\Gamma(k+p+1)} \left(\frac{x}{2}\right)^{2k+p}$	– бірінші текті Бессел функциясы;
$Y_p(x) = \frac{J_p(x)\cos(p\pi) - J_{-p}(x)}{\sin(p\pi)}$	– екінші текті Бессел функциясы (Нейман функциясы);
$\Delta := \left(\frac{\partial^2}{\partial x_1^2}, \frac{\partial^2}{\partial x_2^2}, \dots, \frac{\partial^2}{\partial x_n^2}\right)$	– Лаплас операторы;

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Цилиндрлік облыстағы аралас Коши есебін зерттеуде бүйірлік шекаралық шарттары әдетте Дирихле шарты түріндегі локалды шекаралық шарттар немесе периодтық шекаралық шарттары арқылы беріледі.

Т.Ш. Кәлменов пен М.О. Өтелбаев [1] жұмысында дифференциалдық теңдеуге сәйкес қисынды шеттік шарттарды қанағаттандыратын интегралдық оператордың нақты мәнді өзегіне шарттар тапты. Т.Ш. Кәлменов пен Д. Сұрағанның [2-5] жұмыстарында полигармониялық потенциал үшін, Рисс потенциалы үшін және басқа да классикалық операторлар үшін шекаралық шарттар табылады. Жылу потенциалдары үшін ұқсас нәтиже [5, 188 бет] жұмысында алынды. Осы мысалдардың барлығында интегралдық операторлар сәйкес дифференциалдық теңдеулердің шешімдері болып табылады. Бұл интегралдық операторлардың бірегейлігі - шекаралық шартпен анықталады. Т.Ш. Кәлменов пен Д. Сұрағанның [3, 595 бет] жұмысында алғаш рет Ньютон (көлем) потенциалының шекаралық шарты табылды, бұл Лаплас теңдеуі үшін жаңа интегро-дифференциалды өз-өзіне түйіндес шекаралық шартды болып табылады.

1980 жылдары М. Өтелбаев пен оның шәкірттері кері оператор мағынасында, минималды оператордың қандайда бір қисынды кеңеюін пайдалана отырып, минималды оператордың барлық регулярлы (шекаралық қисынды) кеңеюлерін сипатайтын абстракты теоремасын дәлелдеді. Әлбетте, бұл теорема максимал оператордың да барлық мүмкін шекаралық қисынды тарылуларын да сипаттай алды.

Бұл диссертациялық жұмыста Ньютон потенциалының шекаралық шартын пайдаланып, сипаттауыш емес азғындалған гиперболалық теңдеулердің бір класы үшін аралас Коши есебі алғаш рет зерттелді. Бұл жұмыстағы алынған нәтижелердің басқа белгілі нәтижелерден айырмашылығы қарастырылып отырған аралас Коши есебінің барлық шешімдерін классикалық Соболев кеңістігінде анықталды.

Сондай-ақ, біз [1, 395 бет] жұмысының нәтижелерін негізге ала отырып минималды оператордың барлық қисынды кеңеюлерін сипаттайтын М. Өтелбаевтың абстракты теоремасын азғындалған теңдеулердің бір өлшемді аналогтары үшін қолданып, мүмкін болатын барлық шекаралық қисынды есептерді таптық, яғни жалпы регулярлы шекаралық шарттарын табылды. Бастапқы шарты жалпы регулярлы шартпен, ал бүйірлік шекаралық шарты Ньютон потенциалының шекаралық шартымен қойылған азғындалған гиперболалық теңдеулерді зерттелді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулердің қазіргі теориясында азғындалған гиперболалық және эллиптикалық теңдеулерді, сонымен қатар аралас типті теңдеулерді зерттеу маңызды орын алады. Бұл теңдеулер класына қызығушылықтың артуы алынған нәтижелердің үлкен теориялық маңыздылығымен де, олардың газ динамикасында, гидродинамикада, электрондардың шашырауы теориясында және көптеген басқа әртүрлі салаларында қолданылуымен түсіндіріледі. Қазіргі ғылымның дамуы азғындалған теңдеулер нақты физикалық және биологиялық процестердің жақсы үлгісі болып табылатынын көрсетті. Және бұл олар үшін қазіргі уақытта көптеген математиктердің іргелі зерттеулерінің пәні болып табылатын әртүрлі шекаралық есептерді қою мен шешудің өзектілігіне әкелді.

Ф. Трикоми [6] мен С. Геллерстедттің [7] іргелі еңбектерінен кейін қарастырылып отырған азғындалған гиперболалық типті дифференциалдық теңдеулерді зерттеудің маңызды нәтижелері А.В. Бицадзенің [8] және М.М. Смирновтың [9] белгілі монографияларында берілген.

Әдетте, алдымен теңдеудің негізгі бөлігі бар модельдік теңдеу үшін шекаралық есептер зерттелді, содан кейін күшті азғындалғын жағдайында бастапқы шекаралық есеп шешілетіндей кіші коэффициенттер үшін шарттар табу арқылы зерттелінді. Кіші коэффициенттердегі бұл шарттарды алғаш рет голланд математигі С. Геллерстедт [7, 3-90 бет] көрсеткен, сондықтан да, бұл шарттар Геллерстедт шарттары деп аталады. Егер Геллерстедт шарттары орындалмаса, тіпті Коши деректері Жевре класында болмаса да, Коши есебі шешілімді болмайды. Геллерстедт шарттары орындалған жағдайында барлық классикалық есептер - Коши есебі, Гурса есебі, Дарбу есебі және Трикоми есептері қисынды шешілімді болатынын атап өткен жөн. Сондай-ақ, Геллерстед шартын басқа қандай шартпен алмастыра аламыз деген мәселе туындады. Бұл сұрақтың жауабы ретінде А.Н. Нахушевтың [10] және Т.Ш. Кәлменовтың [11] жұмысында жаңа шарттар табылды, атап айтқанда, Дарбу есебі үшін күшті шешімнің бірегейлігі және әлсіз шешімнің болуы үшін, кіші коэффициенттердің таңбасына белгілі бір талаптар қою керек, содан кейін В.Н. Врагов [12] ойлап тапқан көмекші оператор әдісінің көмегімен бұл есептің күшті шешілімділігін анықтады. Баса айту керек, Т.Ш. Кәлменов азғындалған гиперболалық (эллипстік) теңдеулер үшін бастапқы және шеттік есептерінің қисындылық теориясын зерттеуде, сондай-ақ, аралас типті теңдеулер үшін шеттік есептерінің қисындылық теориясына терең зерттеулер жүргізген.

Трикомидің негізгі шекаралық есебін және басқа да шекаралық есептерді шешу күрделі сингулярлық интегралдық теңдеулер әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Сондықтан шешілуі оңай және оның көмегімен басқа шекаралық есептер шығарылатын қисынды шекаралық есепті табу мәселесі қойылды.

Сипаттауыш конус қамтыған облыстардағы қисынды қойылған шекаралық есептердің көпбейнелілігі стандартты аралас цилиндрлік облысқа қарағанда әлдеқайда кең, бірақ оларды тек тар кластағы теңдеулер үшін шешуге болады.

Сипаттауыш емес азғындалған екінші ретті гиперболалық теңдеулер үшін аралас Коши есебіне арналған бірқатар зерттеулер М.Л. Красновтың [13] жұмысынан бастау алады. Кейінірек бұл жұмыстар азғындалған жоғары ретті теңдеулер үшін Д.Т. Джураев [14], В.Н. Врагов және А.И. Кожанов [15] жұмыстарында жалпыланды. Ф.Г. Трикоми аралас типті теңдеу үшін шекаралық есептерді зерттеуді, сипаттауыш конуста гиперболалық теңдеулер үшін жаңа шекаралық есептерді зерттеуге әкелді, ал бұл есептер алғаш рет С. Геллерстедт, А.В. Бицадзе, А.М. Нахушев, және Т.Ш. Кәлменовтың [16, 17] жұмыстарында зерттелді. Соңғы жылдары күшті сингулярлық коэффициенттері бар толқын теңдеу үшін Коши есебінің дұрыс қойылуы М. Ружанский, Н. Тоқмағамбетовтің [18] жұмыстарында қарастырылғын. Сондай-ақ көптеген өзекті зерттеулерді М.М. Смирновтың [19], И.Е. Егоров, С.Г. Пятков, С.В. Попов [20], Е.В. Радкевич, О.А. Олейник [21] және М. Ружанский, М. Садыбеков, Д. Сұраған [22] монографияларынан табуға болады.

Цилиндрлік облыстағы аралас Коши есебін зерттеуде бүйірлік шекаралық шарттар әдетте Дирихле шарты түрінің локалды шекаралық шарттары немесе периодтық шекаралық шарттар арқылы беріледі.

Т.Ш. Кәлменов пен Д. Сұрағанның [2, 16-18 бет] жұмысында алғаш рет Ньютон (көлем) потенциалының шекаралық шарты табылды, бұл Лаплас теңдеуі үшін жаңа интегро-дифференциалды өз-өзіне түйіндес шекаралық шарт болып табылады. “Осы бүйірлік шеттік шартпен қойылған сипаттауыш емес азғындалған гиперболалық теңдеулер үшін аралас Коши есебіннің шешімі қандай класта болады?” – деген сұрақ туындайды.

Коши есебі қатаң гиперболалық теңдеулер үшін қисынды қойылғаны белгілі. Ал азғындалған гиперболалық теңдеу үшін Коши есебінің қисындылығы бұзылады, яғни гиперболалық теңдеу сипаттауыш сызық бойында азғындалса немесе гиперболалық теңдеудің кіші мүшелеріндегі коэффициенттері сингуляр болса бұл гиперболалық теңдеу үшін Коши есебі қисынды болмайды. Сондықтан бастапқы шарттар салмақтық функциялармен берілген, «түрлендірілген» Коши есебін қарастыру әлдеқайда табиғи болып саналады.

Кеңею теориясы – симметриялы оператордың кеңеюлері туралы мәселе алғаш рет И. Нейманның [23] еңбегінен бастау алады. Кейінірек симметриялы операторлардың кеңею теориясы дифференциалдық теңдеулер үшін шекаралық есептер теориясында және анализде қолданысын тапты. Қазір бұл бағытта бірқатар авторлардың еңбектері белгілі [24-34].

М.И. Вишик [35, 36] бастапқы оператордың симметриялы болуы туралы талаптан бас тартып, оның кеңеюін қарастырды. М.И. Вишик өзінің нәтижелерін екінші ретті эллиптикалық дифференциалдық теңдеулер үшін жалпы шекаралық есептерді зерттеуге қолданды.

А.А. Дезин еңбектерінде [37-40] дифференциалдық операторлар үшін шекаралық есептерді дұрыс қою мәселелерін және тұрақты коэффициенттері бар қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін және математикалық физиканың «классикалық емес» теңдеулері үшін кеңеюлер мен тарылу теориясының спецификалық қасиеттері зерттеді.

Келесі кезекте Т.Ш. Кәлменов пен М.О. Өтелбаевтың енбектерін баса атап өту керек, мұнда Лаврентьев-Бицадзе теңдеуі үшін шекаралық шарттар тұрғысынан регулярлы кеңеюлердің сипаттамасы алынды. Бұл жұмыс Т.Ш. Кәлменовтың келесі [41-43] жұмыстарында гиперболалық және аралас типті теңдеулерге қатысты жалғасын тапты. Банах кеңістігіндегі операторлардың (сызықты болуы міндетті емес) қисынды кеңеюлері мен тарылулары туралы сұрақтарды алғаш рет М. Өтелбаев пен А. Шыныбеков [44] жұмысында зерттеген. Содан кейін Б.Қ. Көкебаев пен М. Өтелбаев [45, 46] жұмыстарында Банах кеңістігіндегі қалыпты шешілімді оператордың тарылуын сипаттады. Гипонормалды және десипативті кеңею мен тарылу мәселесі [47-49] жұмыста қаралған.

Т.Ш. Кәлменов пен М.О. Өтелбаевтың [1, 395 бет] жұмысында дифференциалдық теңдеуге сәйкес қисынды шеттік шарттарды қанағаттандыратын интегралдық оператордың нақты мәнді өзегіне шарттар тапты. Осы жұмыстың нәтижелерін негізге ала отырып азғындалған теңдеулер үшін осы теорияны қолдану - кеңею және тарылу теориясынның қолданысын одан әрі дамыту үшін қажет.

Осы тақырып бойынша отандық және шетелдік математиктер алған елеулі нәтижелердің айтарлықтай санына қарамастан, азғындалған гиперболалық теңдеулерге жалпы регулярлы есептердің теориясының қолданысын одан әрі дамытуды талап етеді. Сондықтан мұндай теңдеулердің қарапайым жағдайларын қарастыру да теорияны құрудың маңызды элементі болып табылады және ерекше қызығушылық тудырады.

Таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі жоғарыда келтірілген осы бағыттағы зерттеулердің қарқынды дамуы және де қазіргі уақытта азғындалған гиперболалық теңдеулер бойынша көптеген жұмыстардың Web of Science, Scopus, MathSciNet және басқа да беделді халықаралық базаларында жариялануы дәлел бола алады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты сипаттауыш емес азғындалған гиперболалық теңдеулер үшін аралас Коши есебінің шешімін классикалық Соболев кеңістігінде анықтау және азғындалған гиперболалық теңдеулердің аналогы болып табылатын қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін регулярлы жалпы шекаралық шарт табу.

Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін **зерттеудің** келесі **негізгі міндеттері** қарастырылған:

1. Азғындалған гиперболалық теңдеулердің аналогы болып табылатын қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін жалпы регулярлы шеттік есептер;
2. Эйлер-Пуассон-Дарбу теңдеуі типті гиперболалық теңдеуі үшін Ньютон (көлемдік) потенциалының шеттік шартын пайдалана отырып, бастапқы шарттары салмақтық функциялармен берілген, «түрлендірілген» Коши есебі;
3. Сипаттауыш емес азғындалған гиперболалық теңдеулердің бір класы үшін аралас Коши есебі: а) Сипаттауыш емес азғындалған гиперболалық теңдеулерге бүйірлік шекаралық шартты аралас Коши есебінің $a(t) \equiv b(t) \equiv 0$ жағдайын зерттеу; ә) Коши есебінің жалпы жағдайын зерттеу.

Зерттеу нысаны – Ньютон потенциалының шекаралық шартын пайдалана отырып, сипаттауыш емес азғындалған гиперболалық теңдеулер үшін аралас Коши есебі, Эйлер-Пуассон-Дарбу теңдеуі типті гиперболалық теңдеуі үшін түрлендірілген Коши есебі және минималды операторлардың регулярлы кеңею теориясын пайдаланып азғындалғын қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін жалпы регулярлы шеттік есептер.

Зерттеу әдістері. Осы тақырып бойынша зерттеулер жүргізу үшін математика ғылымындағы жаңа идеялармен қатар қарапайым және дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер, математикалық физика теориясының әдістері пайдаланылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ньютон (көлемдік) потенциалының шеттік шартын пайдалана отырып, сипаттауыш емес азғындалған гиперболалық теңдеулердің бір класы үшін аралас Коши есебі зерттелінген. Қарастырылып отырған есептердің әртүрлі бүйірлік шеттік шарттары бар аралас Коши есебінің шешімдері салмақты кеңістіктерде алынған еді, ал осы тақырыпқа арналған басқа жұмыстардан айырмашылығы, бұл диссертациялық жұмыста зерттелген аралас Коши есептерінің барлық шешімдері классикалық Соболев кеңістігінде алынған.

Зерттеудің тәжірибиелік және теориялық маңыздылығы. Зерттеу тақырыбы негізінен теориялық және іргелі болып табылады, олардың ғылыми маңыздылығы бастапқы және шеттік есептердің қисындылық теориясының терең, заманауи нәтижелерін қолдану және зерттеу мен талдаудың жаңа өзіндік әдістерін құрумен байланысты.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми нәтижелері. Азғындалған гиперболалық теңдеулердің аналогы болып табылатын қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін жалпы регулярлы шеттік есептер зерттелді. Эйлер-Пуассон-Дарбу теңдеуі типті гиперболалық теңдеуі үшін Ньютон (көлемдік) потенциалының шеттік шартын пайдалана отырып, бастапқы шарттары салмақтық функциялармен берілген, «түрлендірілген» Коши есебі зерттелді, барлық шешімдері салмақтық Соболев кеңістігінде алынды. Сипаттауыш емес азғындалған гиперболалық теңдеулердің бір класы үшін аралас Коши есебі зерттелді, барлық шешімдер классикалық Соболев кеңістігінде анықталды.

Бұл жұмыстың басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысы. Диссертациялық жұмыс «Гиперболалық теңдеулер мен жүйелердің кейбір кластары үшін қисынсыз және кері есептер», (2021-2023, №AP09260126) «Эллипстік және параболалық теңдеулер үшін көпөлшемді Коши есебінің спектрлік талдауы» (2020-2022, РК№AP08856042) және «Аралас типті операторлардың минималдылық критериі» (2021-2024, РК№AP14871460) тақырыптарындағы ҚР БҒМ жаратылыстану ғылымдары саласындағы іргелі зерттеулерді гранттық қаржыландыру жобалары және «Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулердің белгілі бір кластарының шешімдері үшін априорлық бағалаулар» (2021-2024, РК№AP14971679) «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру шеңберінде орындалды.

Автордың жеке үлесі. Диссертацияда алынған барлық нәтижелер автордың жеке өзі немесе оның тікелей қатысуымен алынды. Ғылыми кеңесшілер есептің қойылымына, негізгі бағыт-бағдар беруге және алынған нәтижелерді талқылауға өз үлестерін қосты.

Диссертацияның сынақтан өтуі мен талқылануы. Диссертациялық жұмыста алынған негізгі нәтижелер: «Traditional International April scientific conference in honor of the Science Day» атты конференциясында (Алматы, 2018), Современные методы теории краевых задач: международная конференция «Понтрягинские чтения - XXIX», посвященной 90-летию Владимира Александровича Ильина атты конференциясында (Москва, 2018), Fourth International Conference on Analysis and Applied Mathematics атты конференциясында (Turkey, 2018), International Conference "Actual Problems of Analysis, Differential Equations and Algebra" конференциясында (Nur-Sultan, 2019), ҚР ҰҒА академигі Т.Ш. Кәлменов, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі., ф.-м. ғ.д., профессор М. А. Садыбеков, ф.-м. ғ.д., профессор Б.Е. Кангужин жетекшілігімен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ механика-математика факультетінің «Дифференциалдық операторлар және олардың қолданыстары» қалалық ғылыми-зерттеу семинарында баяндалып талқыланды.

Диссертация тақырыбы бойынша 6 жұмыс, соның ішінде 3 жарияланым Web of Science және Scopus деректер қорлары бойынша импакт-факторы бар шетелдік журналдарда, 3 жарияланым ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған тізімге кіретін ғылыми басылымдарда жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 тараудан, қорытынды және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың көлемі – 77 бет. Әдебиеттер саны – 55.

Бірінші тарау. М. Өтелбаев пен оның шәкірттері кері оператор мағынасында, минималды оператордың қандай-да бір қисынды кеңеюін пайдалана отырып, минималды оператордың барлық регулярлы (шекаралық қисынды) кеңеюлерін сипатайтын абстракты теоремасын дәлелдеді. Әлбетте, бұл теорема максимал оператордың барлық мүмкін шекаралық қисынды тарылуларын да сипаттай алды. Т.Ш. Кәлменов пен Д. Сұрағанның [2, 16-18 бет; 3, 595-598 бет; 4, 1063-1067 бет; 5, 187-209 бет] жұмыстарында полигармониялық потенциал үшін, Рисс потенциалы үшін және басқа классикалық операторлар үшін шекаралық шарттар табылады (сонымен қатар [50-52]). Жылу потенциалдары үшін ұқсас нәтиже [5, 187-209 бет] жұмысында алынды. Осы мысалдардың барлығында интегралдық операторлар сәйкес дифференциалдық теңдеулердің шешімдері болып табылады. Бұл интегралдық операторлардың бірегейлігі шекаралық шартпен анықталады. Осы жұмыстарда табылған әдістерді пайдаланып, кеңею және тарылу теориясының абстракты теоремасын азғындалған теңдеулердің бір өлшемді аналогтары үшін бірінші дәрежелі дифференциалдық теңдеулердің жалпы регулярлы шекаралық шартын табу үшін қолданамыз.

Әрі қарай, **екінші тарауда** бірінші тараудың нәтижелерін кеңейте отырып, екінші дәрежелі әлсіз сингулярлы коэффиценті бар қарапайым дифференциалдық теңдеулердің жалпы регулярлы шекаралық шарты туралы мәселесі зерттелді. Қарастырылған теңдеулер үшін жалпы түрдегі шекаралық шарты табылды. Азғындалған гиперболалық теңдеу үшін жалпы регулярлы шеттік есепті қарастыру үшін алдымен

$$Lu = \frac{\partial}{\partial t}\left(t^{\beta}\frac{\partial}{\partial t}u\right) - \Delta_x u = f(x,t)$$

теңдеуі үшін Ньютон (көлем) потенциалының шекаралық шартымен қойылған Коши есебін зерттедік. Бұл теңдеуді Эйлер-Пуассон-Дарбу теңдеуіне келтіруге болатыны белгілі [13, 60 бет].

Үшінші тарау. Т.Ш. Кәлменов пен Д. Сұрағанның [2, 16-18 бет] жұмысында Ньютон потенциалы (көлемдік потенциал) - келесі өз-өзіне түйіндес интегралдық оператормен берілген

$$u(x) = \int_{\Omega} \varepsilon(x,\xi)\rho(\xi)d\xi, \tag{1}$$

мұнда $\rho(\xi) \in L_2(\Omega)$, және $\varepsilon(x,\xi)$ функциясы

$$-\Delta_x \varepsilon(x,\xi) = \delta(x-\xi), \;\; \varepsilon(x,\xi) = \varepsilon(\xi,x), \tag{2}$$

Лаплас теңдеуінің іргелі шешімі.

Т.Ш. Кәлменов пен Д. Сұрағанның бұл жұмысында, біріншіден, $u(x)$ функциясы келесі

$$-\frac{u(x)}{2} + \int_{\partial\Omega}\left(\frac{\partial\varepsilon}{\partial n_{\xi}}(x-\xi)u(\xi) - \varepsilon(x-\xi)\frac{\partial u}{\partial n_{\xi}}(\xi)\right)d\xi = 0, \quad x \in \partial\Omega \tag{3}$$

f −ке тәуелсіз шекаралық шартын қанағаттандыратыны көрсетілген.

Екіншіден, керісінше тұжырымның дұрыстығы көрсетілген. Яғни, $u \in W_2^2(\Omega)$, функциясы Пуассон теңдеуін

$$-\Delta u = \rho(x), \; x \in \Omega \tag{4}$$

қанағаттандыратыны және (3) шекаралық шартын қанағаттандыратыны, бірмәнді табылатындығы және көлемдік (Ньютон) потенциал (1) арқылы берілетіні алғаш рет көрсетілген. Біз осы жұмыста алынған Ньютон (көлем) потенциалының шекаралық шартын пайдалана отырып, сипаттауыш емес азғындалған гиперболалық теңдеулердің бір класы үшін төмендегі аралас Коши есебін зерттейміз:

$$Lu = u_{tt} - k(t)\Delta_x u + b(t)\frac{\partial u}{\partial t} + a(t)u = f(x,t) \tag{5}$$

$$u|_{t=0} = 0, \;\; \left.\frac{\partial u}{\partial t}\right|_{t=0} = 0 \tag{6}$$

$$N[u] \equiv -\frac{u(x,t)}{2} + \int_{\partial\Omega} \left(\frac{\partial \varepsilon}{\partial n_\xi}(x,\xi) \cdot u(\xi,t) - \varepsilon(x,\xi) \cdot \frac{\partial u}{\partial n_\xi}(\xi,t) \right) d\xi = 0, \quad (7)$$
$$0 < t < T,\ x \in \partial\Omega,$$

мұнда $k \in C^{1+\alpha}[0,T]$, $0 < \alpha < 1$, $k(t) > 0$, $t > 0$, $k(0) = 0$, $k'(t) \geq 0$, және $\varepsilon(x,\xi)$ функциясы (2) теңдеудің іргелі шешімі.

Осы тақырыпқа арналған басқа жұмыстардан айырмашылығы, бұл жұмыста қарастырылатын аралас Коши есептерінің барлық шешімдері классикалық Соболев кеңістігінде анықталды. Ал $\frac{f}{k} \in L_2(D)$ шарты - қойылған есептің Соболев кеңістігіндегі шешілімділігі толқын теңдеуінің шешілімдігімен бірдей болатынын қамтамасыз ететді. Осы бөлімде алынған негізгі нәтижелер [49, 1-10 бет] жұмысында жарияланды.

Қорытынды бөлімінде біз зерттеу барысында алынған нәтижелерін қорытындылап, әрі қарай дамыту бағытына нұсқаулықтар ұсынамыз.

1 АЗҒЫНДАЛҒАН ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ АНАЛОГЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН БІРІНШІ РЕТТІ ҚАРАПАЙЫМ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ҮШІН ЖАЛПЫ РЕГУЛЯРЛЫ ШЕТТІК ЕСЕПТЕР

1.1 Қажетті анықтамалар мен белгілі фактілер

Тегіс $\partial\Omega$ шекарасы ақырлы $\Omega \subset R^n$ обылысында

$$L(x, D)u \equiv \sum_{|\alpha|\le m} a_\alpha(x) D^\alpha u = f(x) \qquad (1.1.1)$$

және оған (1.1.2) формалды түйіндес

$$L^+(x, D)v \equiv \sum_{|\alpha|\le m} (-1)^{|\alpha|} D^\alpha (a_\alpha(x) v) = g(x) \qquad (1.1.2)$$

теңдеуін қарастырайық.

L_0 және L_0^+ арқылы $u \in C_0^\infty(\Omega)$ және $v \in C_0^\infty(\Omega)$ финитті функциялар жиынында сәйкесінше (1.1.1)-(1.1.2) өрнектерімен берілген дифференциалдық операторларының $L_2(\Omega)$ кеңістігіндегі тұйықталуын белгілейік. Ал, L_0^* және $(L_0^+)^*$ сәйкесінше олардың түйіндес операторлары. L_0 және L_0^+ минимал операторлар, ал, L_0^*, $(L_0^+)^*$ - *максимал* операторлар .

Егер $L \subset (L_0^+)^*$ болса және кеңістіктің барлық нүктесінде анықталғын кері L^{-1} операторы табылып $\|L^{-1}\| < \infty$ болса L −операторы $(L_0^+)^*$ операторының *қисынды тарылуы* деп аталады.

Басқаша айтқанда, максимал $(L_0^+)^*$ операторының L қисынды тарылуы - (1.1.1) теңдеу және кейбір қосымша шарттар арқылы туындатылған keріленетін дифференциалдық оператор.

Егер $L_0 \subset L$ болса және кеңістіктің барлық нүктесінде анықталғын кері L^{-1} операторы табылып $\|L^{-1}\| < \infty$ болса, онда L операторы L_0 минимал операторының *қисынды кеңеюі дейміз.*

Егер келесі екі шарт орындалса L операторы L_0 операторының *регулярлы* (немесе шекаралық қисынды) *кеңеюі* деп аталады:

$$\text{а) } L_0 \subset L \subset (L_0^+)^*,$$

$$\text{б) } \|L^{-1}\| < \infty.$$

М. Өтелбаев пен оның шәкірттері кері оператор мағынасында, минималды оператордың қандайда бір қисынды кеңеюін пайдалана отырып, минималды оператордың барлық регулярлы (шекаралық қисынды) кеңеюлерін сипатайтын абстракты теоремасын дәлелдеді. Әлбетте, бұл теорема максимал оператордың барлық мүмкін шекаралық қисынды тарылуларын да сипаттай алды. Осы теореманың негізгі түйінін келтірейік [45, 91-95 бет; 46, 227-228 бет].

Теорема. L_ϕ – операторы $(L_0^+)^*$ максимал операторының қандайда бір белгілі қисынды тарылуы болсын. Ал $K: L_2(\Omega) \to \ker(L_0^+)^*$ операторы $L_2(\Omega)$-де шенелген сызықты операторы болсын, онда

$$u = L_K^{-1} f = L_\phi^{-1} f + Kf \tag{1.1.3}$$

формуласы $(L_0^+)^*$ максимал операторының барлық мүмкін L_K қисынды тарылуына кері операторын сипаттайды, яғни $L_\text{K} \subset (L_0^+)^*$.

Сонымен қатар, L_ϕ – операторы L_0 минимал операторының қандайда бір белгілі қисынды кеңеюі болсын. Ал $L_2(\Omega)$-де шенелген сызықты K операторы $R(L_0) \subset Ker\, K$ және $Ker\,(L_K^{-1} + K) = \{0\}$ шарттарын қанағаттандырсын. Онда (1.1.3) формуласымен анықталған L_K^{-1} операторы минимал оператордың барлық мүмкін қисынды кеңеюіне кері операторды сипаттайды.

L_ϕ – операторы L_0 минимал операторының қандайда бір белгілі шекаралық қисынды кеңеюі болсын, яғни $L_0 \subset L \subset (L_0^+)^*$. Ал $L_2(\Omega)$-де шенелген сызықты K операторы $R(L_0) \subset Ker\, K$ және $R(K) \subset Ker\,(L_0^+)^*$ шарттарын қанағаттандырсын. Онда (1.1.3) формуласымен анықталған L_K^{-1} операторы минимал оператордың барлық мүмкін шекаралық қисынды кеңеюіне кері операторды сипаттайды.

Айта кету керек, минимал оператордың кем дегенде бір шекаралық қисынды кеңеюі бар екенін М.И. Вишик дәлелдеген.

1.2 Бірінші дәрежелі әлсіз азғындалған қарапайым дифференциалдық теңдеудің қарапайым түрлері үшін жалпы регулярлы шекалық шарт табу мәселелері және Коши есебінің қойылуы

Бұл бөлімде бірінші дәрежелі қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін әлсіз сингулярлы теңдеулерге жалпы шекаралық шарт табу мәселесін қарастырамыз. Бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен азғындалған теңдеулердің қарапайым түрлерін $(0,1)$ интервалында $\lambda \geq 0$ үшін қарастырайық.

Есептің қойылуы: $0 \leq \alpha < \frac{1}{2}$, $x \in (0,1)$ және $f \in L_2(0,1)$ болсын, онда

$$x^\alpha \frac{d}{dx} y(x) + \lambda y(x) = f(x),\ \lambda \geq 0\ ,\ x \in (0,1) \tag{1.2.1}$$

теңдеуі үшін жалпы шекаралық шартын тап.

Бұл теңдеу үшін жалпы шекаралық шарт табу үшін қарапайым жағдайларын қарастырайық.

1-жағдай**.** $\lambda = 0,\ \ 0 \leq \alpha < \frac{1}{2}$ және $f \in L_2(0,1)$ болсын, онда төмендегі теңдеудің жалпы шекаралық шартын тап:

$$x^\alpha \frac{d}{dx} y(x) = f(x),\ \ x \in (0,1). \tag{1.2.2}$$

Алдымен бұл теңдеудің жалпы шешімін табайық. $0 \leq \alpha < \frac{1}{2}$ болғандықтан $\frac{1}{x^\alpha} \in L_2(0,1)$, ал $f \in L_2(0,1)$ болғандықтан $x^\alpha \frac{d}{dx} y \in L_2(0,1)$, онда (1.2.2) теңдеуін келесі түрде жазып алайық

$$\frac{d}{dx}y(x) = \frac{f(x)}{x^{\alpha}}.$$

Теңдеудің екі жағын да 0 мен x −аралығында интегралдайық

$$\int_0^x \frac{d}{dx}y(t)dt = \int_0^x \frac{f(t)}{x^{\alpha}}dt.$$

Бұл теңдіктің сол жағындағы интеграл оңай есептелінеді, яғни

$$y(x) - y(0) = \int_0^x \frac{f(t)}{t^{\alpha}}dt$$

теңдігін аламыз, демек $y(0) = c$ екенін ескере отырып (1.2.2) теңдеуінің жалпы шешімін келесі түрде жаза аламыз

$$y(x) = \int_0^x \frac{f(t)}{t^{\alpha}}dt + c. \quad (1.2.3)$$

Коши есебінің қойылуы: (1.2.2) теңдеуінің

$$y(0) = 0 \quad (1.2.4)$$

шартын қанағаттандыратын жалғыз шешімі бар:

$$y(x) = \int_0^x \frac{f(t)}{t^{\alpha}}dt. \quad (1.2.5)$$

Енді осы Коши есебіне түйіндес есепті табайық. Ол үшін $\langle x^{\alpha}\frac{d}{dx}y(x), v(x)\rangle_{L_2(0,1)}$ скаляр көбейтіндісін қарастырайық:

$$\langle x^{\alpha}\frac{d}{dx}y(x), v(x)\rangle_{L_2(0,1)} = \langle\frac{d}{dx}y(x), x^{\alpha}v(x)\rangle$$
$$= x^{\alpha}v(x)y(x)|_0^1 - \langle y(x), \frac{d}{dx}\left(x^{\alpha}v(x)\right)\rangle.$$

Бұдан $v(1) = 0$ болғанда Коши есебінің түйіндес есебі келесі түрде болады

$$\begin{cases} -\frac{d}{dx}\left(x^{\alpha}v(x)\right) = g(x), \\ v(1) = 0. \end{cases} \quad (1.2.6)$$

$g \in L_2(0,1)$ функциясы үшін $\langle y(x), g(x)\rangle_{L_2(0,1)}$ скаляр көбейтіндісін қарастырайық.

$$\begin{aligned}\langle L^{-1}f(x), g(x)\rangle_{L_2(0,1)} &= \langle \int_0^x \frac{f(t)}{t^\alpha}dt + \int_0^1 \sigma(t)f(t)dt, g(x)\rangle_{L_2(0,1)} \\ &= \int_0^1 g(x)\int_0^x \frac{f(t)}{t^\alpha}dtdx + \int_0^1 g(x)\int_0^1 \sigma(t)f(t)dtdx \\ &= \int_0^1 \left(-\int_1^x \frac{f(x)}{x^\alpha}g(t)dt\right)dx + \int_0^1 f(x)\sigma(x)\int_0^1 g(t)dt\,dx \\ &= \langle f(x), -\frac{1}{x^\alpha}\int_1^x g(t)dt + \sigma(x)\int_0^1 g(t)dt\rangle_{L_2(0,1)} \\ &= \langle f(x), (L^{-1})^* g(t)\rangle_{L_2(0,1)}.\end{aligned}$$

Енді төмендегі біртекті теңдеуді қарастырайық

$$\frac{d}{dx}\left(x^\alpha v(x)\right) = 0,$$

Оның шешімі

$$x^\alpha v(x) = q;$$

онда

$$v(x) = \frac{q}{x^\alpha},$$

мұндағы $q -$ кез келген тұрақты сан, ал $0 \le \alpha < \frac{1}{2}$.

Ал $-\frac{d}{dx}\left(x^\alpha v(x)\right) = g(x)$ теңдеуінің жалпы шешімі:

$$v(x) = -x^{-\alpha}\int_1^x g(t)dt + \frac{q}{x^\alpha} \qquad (1.2.7)$$

Енді (1.2.2) теңдеуінің жалпы шешіміне оралайық. Біз $f -$ке үзіліссіз тәуелді шешімді іздейтіндіктен (1.2.2) теңдеуінің жалпы шешіміндегі тұрақты c саны $c = c(f)$, $f -$ке үзіліссіз тәуелді. Яғни, $c = c(f)$ тұрақтысы $L_2(0,1)$ гильберт кеңістігінде $f -$ке тәуелді сызықты үзіліссіз функционал болып табылады. Бұдан, Рисс теоремасы бойынша

$$c=\int_0^1 \sigma(t)f(t)dt$$

болатындай $\sigma \in L_2(0,1)$ табылады. Онда (1.2.2) теңдеуінің жалпы шешімі келесі түрге ие

$$y(x)=\int_0^x \frac{f(t)}{t^\alpha}dt+c=\int_0^x \frac{f(t)}{t^\alpha}dt+\int_0^1 \sigma(t)f(t)dt. \qquad (1.2.8)$$

Т.Ш. Кәлменов, М. Өтелбаевтың [1, 395 бет] жұмысынан $\sigma(t)$ функциясы түйіндес біртекті оператордың өзегінде жататыны белгілі (бұны жоғарыдағы скаляр көбейтіндіден де байқау қиын емес), яғни ол түйіндес біртекті есептің шешімі болады, демек $\sigma(t)=\frac{q}{t^\alpha}$.

Онда (1.2.8) теңдігіндегі интегралды $f(t)=t^\alpha y'(t)$ теңдігімен алмастырып есептесек

$$y(x)=\int_0^x \frac{f(t)}{t^\alpha}dt+\int_0^1 \frac{q}{t^\alpha}f(t)dt=\int_0^x \frac{t^\alpha y'(t)}{t^\alpha}dt+\int_0^1 \frac{q}{t^\alpha}t^\alpha y'(t)dt$$
$$=y(t)|_0^x+qy(t)|_0^1=y(x)-y(0)+qy(1)-qy(0);$$

теңдігін аламыз, демек (1.2.2) түріндегі теңдеу үшін жалпы шекаралық шарт келесі түрде болады

$$(q+1)y(0)=qy(1); \qquad (1.2.9)$$

мұндағы $q-$ кез келген тұрақты сан. Жоғарыда алынған нәтижелерді қортындылап, келесі лемманы аламыз:

1.1.1 - Лемма $0\le\alpha<\frac{1}{2}$ болсын. Онда кез келген $f\in L_2(0,1)$ және $q\in\mathbb{R}$ үшін (1.2.2) теңдеуінің (1.2.9) шартын қанағаттандыратын жалғыз шешімі $L_2(0,1)$ норма бойынша үзіліссіз.

2-жағдай. Тұрақты $\lambda>0$ саны үшін төменде берілген теңдеудің жалпы шешімін тап:

$$x^\alpha \frac{d}{dx}y(x)+\lambda y(x)=f(x),\ x\in(0,1) \qquad (1.2.10)$$

мұнда $0\le\alpha<\frac{1}{2},\ 0<\lambda-const.$

Алдымен (1.2.10) теңдеуінің біртекті жағдайының шешімін табайық

$$x^\alpha \frac{d}{dx}y(x)+\lambda y(x)=0,$$

$$x^{\alpha}\frac{d}{dx}y(x) = -\lambda y(x),$$

$$\frac{dy(x)}{y(x)} = -\frac{\lambda}{x^{\alpha}}dx,$$

мұнда $0 \leq \alpha < \frac{1}{2}$, ал $\frac{1}{x^{\alpha}} \in L_2(0,1)$ екені айқын.
бұл теңдіктің екі жағын да 0 мен x −аралығында интегралдайық

$$\int_0^x \frac{y'(t)}{y(t)}dt = -\int_0^x \frac{\lambda}{t^{\alpha}}dt,$$

$$ln\left(\frac{y(x)}{y(0)}\right) = -\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha},$$

онда теңдеуінің біртекті теңдеуі үшін жалпы шешімі келесі түрге ие

$$y_0(x) = ce^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}. \qquad (1.2.11)$$

Біртекті емес теңдеулерді шешуге арналған белгілі әдіс - Лагранж әдісін пайдаланып, тұрақты c шамасын көмекші $c(x)$ функциясына алмастырып (1.2.9) теңдеуінің жалпы шешімін іздейік

$$y(x) = c(x)\, e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}. \qquad (1.2.12)$$

Онда

$$\frac{d}{dx}y(x) = c'(x)e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}} - c(x)\frac{\lambda}{x^{\alpha}}\, e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}.$$

Соңғы өрнекті теңдеуге қойсақ

$$\begin{aligned} x^{\alpha}\frac{d}{dx}y(x) + \lambda y(x) &= x^{\alpha}\left[c'(x)e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}} - c(x)\frac{\lambda}{x^{\alpha}}\, e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\right] + \lambda c(x)\, e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}} \\ &= x^{\alpha}c'(x)e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}} - \lambda c(x)e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}} + \lambda c(x)\, e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}} \\ &= x^{\alpha}c'(x)e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}, \end{aligned}$$

демек

$$x^{\alpha}c'(x)e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}} = f(x); \quad \Rightarrow \; c'(x) = \frac{e^{\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}}{x^{\alpha}}f(x);$$

$$\int_0^x c'(t)dt = \int_0^x \frac{e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}}{t^{\alpha}} f(t)dt;$$

Интегралды есептесек белгісіз $c(x)$ функциясын келесі түрде табылады

$$c(x) = \int_0^x e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}} t^{-\alpha} f(t)dt + c. \quad (1.2.13)$$

мұнда c тұрақты сан, енді $c(x)$ функциясын бағалайық

$$|c(x)| = \left| \int_0^x e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}} t^{-\alpha} f(t)dt + c \right| \leq \int_0^1 |t^{-\alpha}| \cdot \left| e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}} f(t) \right| dt + |c|$$

$$\leq \left(\int_0^1 |t^{-2\alpha}| dt \right)^{1/2} \left(\int_0^1 \left| e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}} f(t) \right|^2 dt \right)^{1/2} + |c|;$$

ал $0 \leq \alpha < \frac{1}{2}$, $0 < t < 1$, үшін $e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}} \leq e^{\frac{\lambda}{1-\alpha}}$, демек

$$|c(x)| \leq \left(\int_0^1 |t^{-2\alpha}| dt \right)^{1/2} \left(e^{\frac{2\lambda}{1-\alpha}} \int_0^1 |f(t)|^2 dt \right)^{1/2} + |c|$$

$$\leq \frac{e^{\frac{2\lambda}{1-\alpha}}}{\sqrt{1-2\alpha}} \|f(t)\|_{L_2(0,1)} + |c|.$$

Онда

$$|y(x)| \leq \mathrm{c}\|f(t)\|_{L_2(0,1)} < \infty.$$

Ендеше (1.2.10) теңдеуінің жалпы шешімін келесі айқын түрде жаза аламыз

$$y(x) = e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}} \int_0^x e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}} t^{-\alpha} f(t)dt + c e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}.$$

Коши есебінің қойылуы: (1.2.10) теңдеуінің

$$y(0) = 0$$

шартын қанағаттандыратын шешімі $y(x) = e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}} \int_0^x e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}} t^{-\alpha} f(t)dt.$

Коши есебіне түйіндес есепті табайық. Ол үшін $\langle x^\alpha y'(x)+\lambda y(x), v(x)\rangle_{L_2(0,1)}$ скаляр көбейтіндісін қарастырайық:

$$\begin{aligned}\langle x^\alpha y'(x)+\lambda y(x), v(x)\rangle_{L_2(0,1)} &= \langle x^\alpha y'(x), v(x)\rangle_{L_2(0,1)} + \langle \lambda y(x), v(x)\rangle_{L_2(0,1)}\\ &= \langle y'(x), x^\alpha v(x)\rangle_{L_2(0,1)} + \langle y(x), \lambda v(x)\rangle_{L_2(0,1)}\\ &= x^\alpha v(x)y(x)|_0^1 - \langle y(x), (x^\alpha v(x))'\rangle_{L_2(0,1)} + \langle y(x), \lambda v(x)\rangle_{L_2(0,1)}\\ &= x^\alpha v(x)y(x)|_0^1 + \langle y(x), -\left(x^\alpha v(x)\right)' + \lambda v(x)\rangle_{L_2(0,1)};\end{aligned}$$

$v(1)=0$ болғанда түйіндес теңдеу келесі түрде болатынын анықтаймыз

$$\begin{cases}-\frac{d}{dx}(x^\alpha v(x))+\lambda v(x)=\mathrm{g}(x),\\ v(1)=0.\end{cases} \tag{1.2.14}$$

(1.2.14) есебінің жалпы шешімін табу үшін алдымен оның біртекті теңдеуінің шешімін табайық, яғни

$$-x^\alpha v'(x)+(\lambda-\alpha x^{\alpha-1})v(x)=0;$$

$$\frac{v'(x)}{v(x)}=\frac{\lambda-\alpha x^{\alpha-1}}{x^\alpha};$$

бұл теңдіктің екі жағын да 1-ден x —аралығында интегралдасақ

$$\int_1^x \frac{v'(t)}{v(t)}dt=\int_1^x \frac{\lambda-\alpha t^{\alpha-1}}{t^\alpha}dt$$

демек біртекті теңдеудің жалпы шешім келесі түрге ие

$$v_0(x)=qx^{-\alpha}e^{\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}.$$

Осы тараудағы алдыңғы бөлімдеріндегідей (1.2.10) теңдеуінің жалпы шешімін тұрақты c санының f —ке және түйіндес біртекті есептің шешіміне қатысты қатынасын ескере отырып, келесі түрде анықтаймыз

$$\begin{aligned}y(x)&=e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^x e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}t^{-\alpha}f(t)dt+ce^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\\ &=e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^x e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}t^{-\alpha}f(t)dt+e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^1 qt^{-\alpha}e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}f(t)dt.\end{aligned} \tag{1.2.15}$$

Жалпы шекаралық шарт табайық, ол үшін (1.2.15) интегралдың ішіндегі $f(t)$ функциясының орнына $x^{\alpha}y'(t)+\lambda y(t)$ өрнегін қойып, бөліктеп интегралдау әдісін қолданып интегралды есептейік

$$y(x)=e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^x e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}t^{-\alpha}f(t)dt+e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^1 qt^{-\alpha}e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}f(t)dt$$

$$=e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^x e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}t^{-\alpha}\big(t^{\alpha}y'(t)+\lambda y(t)\big)dt$$

$$+e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^1 qt^{-\alpha}e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\big(t^{\alpha}y'(t)+\lambda y(t)\big)dt=$$

$$=e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^x e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}y'(t)dt+\lambda e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^x e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}t^{-\alpha}y(t)dt$$

$$+e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^1 qt^{-\alpha}e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\big(t^{\alpha}y'(t)+\lambda y(t)\big)dt$$

$$=e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}e^{\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}y(x)-y(0)e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}-e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^x \lambda e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}t^{-\alpha}y(t)dt$$

$$+e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_0^x \lambda t^{-\alpha}e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}y(t)dt+qe^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\left(e^{\frac{\lambda}{1-\alpha}}y(1)-y(0)\right)$$

$$-qe^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_1^1 \lambda e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}t^{-\alpha}y(t)dt+qe^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\int_1^1 \lambda t^{-\alpha}e^{\frac{\lambda t^{1-\alpha}}{1-\alpha}}y(t)dt$$

$$=y(x)-y(0)e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}+qe^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\left(e^{\frac{\lambda}{1-\alpha}}y(1)-y(0)\right);$$

Жоғарыдағы теңдіктің екі жағындағы бірдей мүшелерін жойылады, онда

$$-y(0)e^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}+qe^{-\frac{\lambda x^{1-\alpha}}{1-\alpha}}\left(e^{\frac{\lambda}{1-\alpha}}y(1)-y(0)\right)=0$$

екені шығады. Сызықты тәуелсіз мүшелерінің алдындағы коэффиценттерін нөлге теңестірсек

$$(q+1)y(0)=qe^{\frac{\lambda}{1-\alpha}}y(1) \qquad (1.2.16)$$

шарттарын табымыз. Бұл шарт (1.2.10) теңдеуінің жалпы шекаралық шарты болып табылады. Бұл шекаралық шарттан байқағанымыздай, $\lambda=0$ болса 1-

жағдайдың шартымен беттеседі, ал $\alpha = 1$ болса жалпы шекаралық шарт табылмайтынын көруге болады, атап айтқанда $f \in L_2(0,1)$ болуы жеткіліксіз.

1.1.2 - Лемма $0 \leq \alpha < \frac{1}{2}$ және $\lambda > 0$ болсын. Онда кез келген $f \in L_2(0,1)$ және әрбір $q \in \mathbb{R}$ үшін (1.2.10) теңдеуінің $y \in W^1_{2,x^\alpha}(0,1)$ шешімі (1.2.16) шартын және келесі теңсіздікті қанағаттандыратды

$$\|y\|_{W^1_{2,x^\alpha}(0,1)} = \left\| x^\alpha \frac{d}{dx} y \right\|_{L_2(0,1)} + \|y\|_{L_2(0,1)} \leq \mathrm{c}\|f\|_{L_2(0,1)}, \ \ c = const < \infty.$$

Дәлелдеуі. (1.2.10) теңдеуінің шешімі (1.2.16) шартын қанағаттандыратыны айқын. Ал $\|y\|_{L_2(0,1)} \leq \mathrm{c}_1\|f\|_{L_2(0,1)}$ бағалауы (1.2.13) $c(x)$ функциясының бағалауынан шығады. Онда

$$x^\alpha \frac{d}{dx} y(x) = f(x) - \lambda y(x)$$

болғандықтан

$$\left\| x^\alpha \frac{d}{dx} y \right\|_{L_2(0,1)} \leq \|f\|_{L_2(0,1)} + |\lambda|\|y\|_{L_2(0,1)} \leq \|f\|_{L_2(0,1)} + \mathrm{c}_1|\lambda|\|f\|_{L_2(0,1)}.$$

Демек

$$\|y\|_{W^1_{2,x^\alpha}(0,1)} = \left\| x^\alpha \frac{d}{dx} y \right\|_{L_2(0,1)} + \|y\|_{L_2(0,1)} \leq \mathrm{c}\|f\|_{L_2(0,1)}, \ \ c = const < \infty.$$

1.1.2 - Лемма дәлелденді.

3-жағдай $\lambda \in C[0,1]$.

$$x^\alpha \frac{d}{dx} y(x) + \lambda(x) y(x) = f(x), \ x \in (0,1), \ \lambda \in L_2(0,1). \qquad (1.2.17)$$

мұнда $0 \leq \alpha < \frac{1}{2}$.

Алдымен (1.2.17) теңдеуінің біртекті жағдайын қарастырайық, оның шешімін табайық:

$$x^\alpha y'(x) + \lambda y(x) = 0,$$

$$x^\alpha y'(x) = -\lambda(x) y(x),$$

$$\frac{y'(x)}{y(x)} = -\frac{\lambda(x)}{x^\alpha}, x \neq 0$$

бұл теңдіктің екі жағын да 0-ден x —аралығында интегралдайық

$$\int_0^x \frac{y'(t)}{y(t)}dt = -\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt,$$

онда теңдеуінің біртекті теңдеуі үшін жалпы шешімі келесі түрге ие

$$y_0(x) = ce^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}. \tag{1.2.18}$$

Біртекті емес теңдеулерді шешуге арналған белгілі әдіс - Лагранж әдісін пайдаланып, тұрақты c шамасын көмекші $c(x)$ функциясына алмастырып (1.2.17) теңдеуінің жалпы шешімін іздейік

$$y(x) = c(x)e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}. \tag{1.2.19}$$

Онда

$$\frac{d}{dx}y(x) = c'(x)e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt} + c(x)\left(-\frac{\lambda(x)}{x^\alpha}\right)e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}.$$

Табылған өрнектерді теңдеудің орнына қойсақ

$$\begin{aligned} x^\alpha \frac{d}{dx}y(x) + \lambda(x)y(x) \\ &= x^\alpha\left[c'(x)e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt} + c(x)\left(-\frac{\lambda(x)}{x^\alpha}\right)e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}\right] \\ &+ \lambda(x)c(x)e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt} = x^\alpha c'(x)e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt} = f(x), \end{aligned}$$

онда

$$x^\alpha c'(x)e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt} = f(x)$$

$$c'(x) = x^{-\alpha}e^{\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}f(x)$$

$$\int_0^x c'(t)dt = \int_0^x e^{\int_0^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha}d\xi}t^{-\alpha}f(t)dt$$

$$c(t) = \int_0^x e^{\int_0^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha}d\xi}t^{-\alpha}f(t)dt + c. \tag{1.2.20}$$

мұнда c тұрақты сан.

(1.2.20) өрнегін (1.2.19) өрнегіне қойып, (1.2.17) теңдеуінің жалпы шешімін келесі түрде жазамыз

$$y(x) = e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt} \int_0^x e^{\int_0^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha}d\xi} t^{-\alpha} f(t)dt + ce^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}.$$

Коши есебінің қойылуы: (1.2.17) теңдеуінің

$$y(0) = 0$$

шартын қанағаттандыратын шешімі келесі түрде анықталады

$$y(x) = e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt} \int_0^x e^{\int_0^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha}d\xi} t^{-\alpha} f(t)dt. \qquad (1.2.21)$$

Ал түйіндес теңдеуді табу үшін $\langle x^\alpha y'(x) + \lambda(x)y(x), v(x)\rangle_{L_2(0,1)}$ скаляр көбейтіндісін қарастырайық:

$$\begin{aligned}
&\langle x^\alpha y'(x) + \lambda(x)y(x), v(x)\rangle_{L_2(0,1)} \\
&\quad = \langle x^\alpha y'(x), v(x)\rangle_{L_2(0,1)} + \langle \lambda(x)y(x), v(x)\rangle_{L_2(0,1)} \\
&\quad = \langle y'(x), x^\alpha v(x)\rangle_{L_2(0,1)} + \langle y(x), \lambda(x)v(x)\rangle_{L_2(0,1)} \\
&\quad = x^\alpha v(x)y(x)|_0^1 - \langle y(x), (x^\alpha v(x))'\rangle_{L_2(0,1)} + \langle y(x), \lambda(x)v(x)\rangle_{L_2(0,1)} \\
&\quad = x^\alpha v(x)y(x)|_0^1 + \langle y(x), -\left(x^\alpha v(x)\right)' + \lambda(x)v(x)\rangle_{L_2(0,1)};
\end{aligned}$$

Егер $v(1) = 0$ болса түйіндес теңдеу келесі түрде болатынын анықтаймыз

$$\begin{cases} -\frac{d}{dx}\left(x^\alpha v(x)\right) + \lambda(x)v(x) = \mathrm{g}(x), \\ v(1) = 0. \end{cases} \qquad (1.2.22)$$

Алдымен біртекті теңдеуінің шешімін табайық:

$$-x^\alpha v'(x) + (\lambda(x) - \alpha x^{\alpha-1})v(x) = 0;$$
$$\frac{v'(x)}{v(x)} = \frac{\lambda(x) - \alpha x^{\alpha-1}}{x^\alpha};$$

бұл теңдіктің екі жағын да 1-ден x −аралығында интегралдасақ

$$\int_1^x \frac{v'(t)}{v(t)}dt = \int_1^x \frac{\lambda(t) - \alpha t^{\alpha-1}}{t^\alpha}dt$$

демек шешім келесі түрге ие

$$v_0(x) = qx^{-\alpha} e^{\int_1^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt}. \tag{1.2.23}$$

Осы тараудағы алдыңғы бөлімдеріндегідей (1.2.17) теңдеуінің жалпы шешімін тұрақты c санының f −ке және түйіндес біртекті есептің шешіміне қатысты қатынасын ескере отырып келесі түрде анықтаймыз

$$\begin{aligned} y(x) &= e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \int_0^x e^{\int_0^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha} d\xi} t^{-\alpha} f(t) dt + c e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \\ &= e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \int_0^x e^{\int_0^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha} d\xi} t^{-\alpha} f(t) dt \\ &+ e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \int_0^1 q t^{-\alpha} e^{\int_1^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha} d\xi} f(t) dt. \end{aligned} \tag{1.2.24}$$

Жалпы шекаралық шартты табайық, ол үшін жоғарыдағы интегралдың ішіндегі $f(t)$ функциясының орнына $x^\alpha y'(t) + \lambda(t) y(t)$ өрнегін қойып, бөліктеп интегралдау әдісін қолданып интегралды есептейік

$$\begin{aligned} y(x) &= e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \int_0^x e^{\int_0^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha} d\xi} t^{-\alpha} f(t) dt + e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \int_0^1 q t^{-\alpha} e^{\int_1^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha} d\xi} f(t) dt \\ &= e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \int_0^x e^{\int_0^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha} d\xi} t^{-\alpha} \big(t^\alpha y'(t) + \lambda(t) y(t)\big) dt \\ &+ e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \int_0^1 q t^{-\alpha} e^{\int_1^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha} d\xi} \big(t^\alpha y'(t) + \lambda(t) y(t)\big) dt \\ = e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} &\left(y(x) e^{\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} - y(0) \right) - e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \int_0^x e^{\int_0^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha} d\xi} t^{-\alpha} \lambda(t) y(t) dt \\ &+ e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \int_0^x e^{\int_0^t \frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha} d\xi} t^{-\alpha} \lambda(t) y(t) dt \\ &+ q e^{-\int_0^x \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \left(y(1) - y(0) e^{\int_1^0 \frac{\lambda(t)}{t^\alpha} dt} \right) \end{aligned}$$

$$-qe^{-\int_0^x\frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}\int_0^1 e^{\int_1^t\frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha}d\xi}t^{-\alpha}\lambda(t)y(t)dt$$

$$+qe^{-\int_0^x\frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}\int_0^1 e^{\int_1^t\frac{\lambda(\xi)}{\xi^\alpha}d\xi}t^{-\alpha}\lambda(t)y(t)dt$$

$$=y(x)-e^{-\int_0^x\frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}y(0)+qe^{-\int_0^x\frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}\left(y(1)+y(0)e^{\int_0^1\frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}\right),$$

бұдан

$$-e^{-\int_0^x\frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}y(0)+qe^{-\int_0^x\frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}\left(y(1)+y(0)e^{\int_0^1\frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}\right)=0$$

екені шығады. Сызықты тәуелсіз мүшелерінің алдындағы коэффиценттерін нөлге теңестірсек

$$\left(1-qe^{\int_0^1\frac{\lambda(t)}{t^\alpha}dt}\right)y(0)=qy(1) \qquad (1.2.25)$$

шарттарын табымыз. Бұл шарт (1.2.17) теңдеуінің жалпы шекаралық шарты болып табылады.

1.1.3 - Теорема $0\le\alpha<\frac{1}{2}$ болсын. Онда кез келген $\lambda\in C[0,1]$, $f\in L_2(0,1)$ және әрбір $q\in\mathbb{R}$ үшін (1.2.17) теңдеуінің (1.2.25) өрнегімен берілген жалпы түрдегі шекаралық шартын қанағаттандыратын $y\in W^1_{2,\,x^\alpha}(0,1)$ шешімі үшін келесі теңсіздікті орынды

$$\|y\|_{W^1_{2,\,x^\alpha}(0,1)}=\left\|x^\alpha\frac{d}{dx}y\right\|_{L_2(0,1)}+\|y\|_{L_2(0,1)}\le \mathrm{c}\|f\|_{L_2(0,1)},\ \ c=const<\infty.$$

Дәлелдеуі. (1.2.17) теңдеуінің шешімі (1.2.25) шартын қанағаттандыратыны айқын. Ал 1.1.2 - леммасының дәлелі (1.2.17) теңдеуінің шешімінің $\|y\|_{W^1_{2,\,x^\alpha}(0,1)}$ нормасын бағалауға да дәлел болатыны айқын.

2 ЕКІНШІ РЕТТІ АЗҒЫНДАЛҒАН ҚАРАПАЙЫМ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ҮШІН РЕГУЛЯРЛЫ ШЕТТІК ЕСЕПТЕР

2.1 Бір өлшемді екінші ретті азғындалған қарапайым дифференциалдық теңдеулердің бір мысалы

Бұл бөлімде екінші ретті азғындалған дифференциалдық теңдеулер үшін жалпы шекаралық шартын құратын боламыз. Қарапайым әрі түсінікті болу үшін алдымен шешімі қарапайым функциялар арқылы өрнектелетін келесі теңдеуді қарастырайық.

Төменде берілген теңдеудің жалпы шешімін тап:

$$xy''(x) + \frac{1}{2}y'(x) + ay(x) = f(x),\ \ a > 0,\ \ x \in (0,1) \qquad (2.1.1)$$

Алдымен (2.1.1) теңдеуінің біртекті жағдайы үшін жалпы шешімін табайық

$$xy''(x) + \frac{1}{2}y'(x) + ay(x) = 0,\ \ a > 0. \qquad (2.1.2)$$

Бұл теңдеудің жалпы шешімін келесі түрде іздейміз [53, 386 б.]:

$$y(x) = C_1 \cos 2\sqrt{ax} + C_2 \sin 2\sqrt{ax}. \qquad (2.1.3)$$

мұнда $C_1, C_2 - const$. Енді C_1, C_2 −тұрақтыларын вариациялау әдісі арқылы оларды $C_1(x), C_2(x)$ белгісіз функциялармен алмастырып, теңдеудегі орнынына қояйық. Онда (2.1.1) теңдеуінің жалпы шешімін келесі түрде жаза аламыз:

$$y(x) = C_1(x) \cos 2\sqrt{ax} + C_2(x) \sin 2\sqrt{ax}. \qquad (2.1.4)$$

Қарапайым дифференциалдық теңдеулер курсынан белгілі әдісті ескере отырып, төмендегі теңдеулер жүйесін шешейік

$$\begin{cases} C'_1(x) \cos 2\sqrt{ax} + C'_2(x) \sin 2\sqrt{ax} = 0, \\ -C'_1(x) \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}} \sin 2\sqrt{ax} + C'_2(x) \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}} \cos 2\sqrt{ax} = \frac{f(x)}{x}. \end{cases} \qquad (2.1.5)$$

(2.1.5) теңдеулер жүйесін шешу үшін Крамер әдісін ескере отырып келесі анықтауыштарды есептейік:

$$W = \begin{vmatrix} \cos 2\sqrt{ax} & \sin 2\sqrt{ax} \\ -\frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}} \sin 2\sqrt{ax} & \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}} \cos 2\sqrt{ax} \end{vmatrix} \qquad (2.1.6)$$

$$W=\frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}}\cos^2 2\sqrt{ax}+\frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}}\sin^2 2\sqrt{ax}=\frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}}$$

$$W_1=\begin{vmatrix}0 & \sin 2\sqrt{ax}\\ \frac{f(x)}{x} & \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}}\cos 2\sqrt{ax}\end{vmatrix}=-\frac{f(x)}{x}\sin 2\sqrt{ax}.$$

$$W_2=\begin{vmatrix}\cos 2\sqrt{ax} & 0\\ -\frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}}\sin 2\sqrt{ax} & \frac{f(x)}{x}\end{vmatrix}=\frac{f(x)}{x}\cos 2\sqrt{ax}.$$

Онда

$$\begin{aligned}C'_1(x) &= \frac{W_1}{W}=-\frac{f(x)\sin 2\sqrt{ax}}{\sqrt{ax}},\\ C'_2(x) &= \frac{W_2}{W}=\frac{f(x)\cos 2\sqrt{ax}}{\sqrt{ax}}.\end{aligned}$$

Сәйкесінше,

$$\begin{aligned}C_1(x) &= -\int_0^x \frac{f(t)\sin 2\sqrt{at}}{\sqrt{at}}dt+c_1,\\ C_2(x) &= \int_0^x \frac{f(t)\cos 2\sqrt{at}}{\sqrt{at}}dt+c_2.\end{aligned} \tag{2.1.7}$$

Демек (2.1.1) теңдеудің жалпы шешімі келесі түрде болады:

$$\begin{aligned}y(x) &= -\cos 2\sqrt{ax}\int_0^x \frac{f(t)\sin 2\sqrt{at}}{\sqrt{at}}dt+\sin 2\sqrt{ax}\int_0^x \frac{f(t)\cos 2\sqrt{at}}{\sqrt{at}}dt\\ &+c_1\cos 2\sqrt{ax}+c_2\sin 2\sqrt{ax}=\end{aligned}$$

$$=\int_0^x f(t)\frac{\sin 2\sqrt{ax}\cos 2\sqrt{at}-\cos 2\sqrt{ax}\sin 2\sqrt{at}}{\sqrt{at}}dt+c_1\cos 2\sqrt{ax}+c_2\sin 2\sqrt{ax}$$

$$=\int_0^x f(t)\frac{\sin 2\sqrt{a}\left(\sqrt{x}-\sqrt{t}\right)}{\sqrt{at}}dt+c_1\cos 2\sqrt{ax}+c_2\sin 2\sqrt{ax}. \tag{2.1.8}$$

Коши есебінің қойылуы: $x\in(0,1)$, (2.1.1) теңдеуі үшін

$$y(0)=0,\sqrt{x}y'(x)\big|_{x=0}=0$$

бастапқы шартын қанағаттандыратын шешім келесі түрге ие

$$y(x)=\int_0^x f(t)\frac{\sin 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{\sqrt{at}}dt. \tag{2.1.9}$$

мұнда тұрақты $c_1, c_2 -$ сандары 1-тарауда көрсетілгендей f-ке тәуелді функционал және ол қойылған есепке түйіндес есептің біртекті жағдайындағы шешімі арқылы өрнектеледі. Сол үшін енді (2.1.1)-ге түйіндес есептің біртекті жағдайы үшін дербес шешімдерін табайық. Түйіндес теңдеуді табу үшін келесі скаляр көбейтіндіні есептейік:

$$\begin{aligned}
\langle xy'' + \tfrac{1}{2}y' + ay, v\rangle &= \int_0^1 \left[xy''(x) + \tfrac{1}{2}y'(x) + ay(x)\right] v(x)dx \\
&= \int_0^1 xy''(x)v(x)dx + \tfrac{1}{2}\int_0^1 y'(x)v(x)dx + a\int_0^1 y(x)v(x)dx \\
&= xv(x)y'(x)|_0^1 - (xv(x))'y(x)|_0^1 + \int_0^1 y(x)(xv(x))''dx \\
&+\tfrac{1}{2}y(x)v(x)|_0^1 - \tfrac{1}{2}\int_0^1 y(x)v'(x)dx + a\int_0^1 y(x)v(x)dx \\
&= xv(x)y'(x)|_0^1 - (xv(x))'y(x)|_0^1 + \tfrac{1}{2}y(x)v(x)|_0^1 + \\
&+\int_0^1 y(x)\left[\left(xv(x)\right)'' - \tfrac{1}{2}v'(x) + av(x)\right]dx,
\end{aligned}$$

онда

$$\begin{aligned}
\langle xy'' + \tfrac{1}{2}y' + ay, v\rangle = \ & \langle y, xv''(x) + \tfrac{3}{2}v'(x) + av(x)\rangle \\
& + xv(x)y'(x)|_0^1 - (xv(x))'y(x)|_0^1 + \tfrac{1}{2}y(x)v(x)|_0^1
\end{aligned}$$

теңдігін аламыз, енді Коши есебінің $y(0) = 0$ және $\sqrt{x}y'(x)\big|_{x=0} = 0$ бастапқы шарттарын ескере отырып түйіндес есептің шекаралық шартын табайық, яғни

$$\langle xy'' + \tfrac{1}{2}y' + ay, v\rangle = \langle y, xv''(x) + \tfrac{3}{2}v'(x) + av(x)\rangle,$$

Ал

$$\begin{aligned}
0 = \ & xv(x)y'(x)|_0^1 - (xv(x))'y(x)|_0^1 + \tfrac{1}{2}y(x)v(x)|_0^1 \\
= \ & y'(1)v(1) - y(1)(v(1) + v'(1)) + \tfrac{1}{2}y(1)v(1) - \tfrac{1}{2}y(0)v(0) \\
= \ & y'(1)v(1) - y(1)\left[\tfrac{1}{2}v(1) + v'(1)\right],
\end{aligned}$$

онда $v(1) = 0, v'(1) = 0$. Яғни,

$$\begin{cases} xy''(x) + \frac{1}{2}y'(x) + ay(x) = f(x), \\ y(0) = 0, \ \sqrt{x}y'(x)\big|_{x=0} = 0, \end{cases} \tag{2.1.10}$$

Коши есебіне түйіндес есеп келесі түрде болады

$$\begin{cases} xv''(x) + \frac{3}{2}v'(x) + av(x) = g(x), \\ v(1) = 0, \ v'(1) = 0. \end{cases} \qquad (2.1.11)$$

Ал бұл есептің біртекті теңдеуі

$$xv''(x) + \frac{3}{2}v'(x) + av(x) = 0,$$

оның жалпы шешімі

$$v(x) = -q_1 \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}} \sin 2\sqrt{ax} + q_2 \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}} \cos 2\sqrt{ax}, \qquad (2.1.12)$$

мұнда $q_1, q_2 - const.$

Енді (2.1.8) теңдікке оралайық.

$$y(x) = \int_0^x f(t) \frac{\sin 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{\sqrt{at}} dt + c_1 \cos 2\sqrt{ax} + c_2 \sin 2\sqrt{ax} \qquad (2.1.13)$$

(2.1.1) теңдеуі үшін жалпы шекаралық шартты табайық, онда осы жалпы түрдегі шекаралық шартты қанағаттандыратын жалғыз шешімді іздеп отырғандықтан c_1, c_2 тұрақтылары f −ке сызықты үзіліссіз тәуелді, демек

$$c_1 = c_1(f), \ \ c_2 = c_2(f)$$

f −ке сызықты үзіліссіз тәуелді функционалдар, онда Рисс теоремасы бойынша

$$c_1 = \int_0^1 \sigma_1(x) f(x) dx, \ \ c_2 = \int_0^1 \sigma_2(x) f(x) dx.$$

М. Өтелбаевтың теоремасы бойынша σ_1, σ_2 жұбы (2.1.11) операторының өзегінде жатыр. Демек

$$c_1 = -q_1 \int_0^1 \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}} \sin 2\sqrt{ax} f(x) dx, \ \ c_2 = q_2 \int_0^1 \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{x}} \cos 2\sqrt{ax} f(x) dx$$

онда жалпы шешім келесі түрге ие

$$\begin{aligned} y(x) = & \int_0^x f(t) \frac{\sin 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{\sqrt{at}} dt - \\ & -q_1 \cos 2\sqrt{ax} \int_0^1 f(t) \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{t}} \sin 2\sqrt{at} dt + q_2 \sin 2\sqrt{ax} \int_0^1 f(t) \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{t}} \cos 2\sqrt{at} dt. \end{aligned} \qquad (2.1.14)$$

Ыңғайлылық үшін келесі белгілеулерді енгізейік

$$Y_0(x,t) := \frac{\sin 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{\sqrt{at}},$$
$$V_1(t) := -\frac{\sqrt{a}}{\sqrt{t}}\sin 2\sqrt{at},$$
$$V_2(t) := \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{t}}\cos 2\sqrt{at}.$$

онда

$$y(x) = \int_0^x f(t)Y_0(x,t)dt +$$
$$+q_1\cos 2\sqrt{ax}\int_0^1 f(t)V_1(t)dt + q_2\sin 2\sqrt{ax}\int_0^1 f(t)V_2(t)dt. \tag{2.1.15}$$

1. Алдымен бірінші интегралды есептеп алайық:

$$\int_0^x f(t)Y_0(x,t)dt = \int_0^x \left(ty''(t) + \frac{1}{2}y'(t) + ay(t)\right)Y_0(x,t)dt$$
$$= \int_0^x ty''(t)Y_0(x,t)dt + \frac{1}{2}\int_0^x y'(t)Y_0(x,t)dt + a\int_0^x y(t)Y_0(x,t)dt$$
$$= y'(t)tY_0(x,t)|_0^x - y(t)\frac{d}{dt}\big(tY_0(x,t)\big)|_0^x + \int_0^x y(t)\frac{d^2}{dt^2}\big(tY_0(x,t)\big)dt$$
$$+\frac{1}{2}y(t)Y_0(x,t)|_0^x - \frac{1}{2}\int_0^x y(t)\frac{d}{dt}Y_0(x,t)dt + a\int_0^x y(t)Y_0(x,t)dt$$
$$= y'(t)tY_0(x,t)|_0^x - y(t)\frac{d}{dt}(tY_0(x,t))|_0^x + \frac{1}{2}y(t)Y_0(x,t)|_0^x$$
$$+\int_0^x y(t)\left[\frac{d^2}{dt^2}(tY_0(x,t)) - \frac{1}{2}\frac{d}{dt}Y_0(x,t) + aY_0(x,t)\right]dt. \tag{2.1.16}$$

Біртекті теңдеудің шешімі үшін келесі теңдік орынды

$$\frac{d^2}{dt^2}(tY_0(x,t)) - \frac{1}{2}\frac{d}{dt}Y_0(x,t) + aY_0(x,t)$$
$$= t\frac{d^2}{dt^2}Y_0(x,t) + \frac{3}{2}\frac{d}{dt}Y_0(x,t) + aY_0(x,t) = 0.$$

Онда

$$\int_0^x f(t)Y_0(x,t)dt = y'(t)tY_0(x,t)|_0^x - y(t)\frac{d}{dt}(tY_0(x,t))|_0^x + \frac{1}{2}y(t)Y_0(x,t)|_0^x \tag{2.1.17}$$

2. Енді екінші интегралды есептейік

$$\begin{aligned}
\int_0^1 f(t)V_1(t)dt \quad &= \int_0^1 \left(ty''(t) + \frac{1}{2}y'(t) + ay(t)\right)V_1(t)dt \\
&= \int_0^1 ty''(t)V_1(t)dt + \frac{1}{2}\int_0^1 y'(t)V_1(t)dt + a\int_0^1 y(t)V_1(t)dt \\
&= y'(t)tV_1(t)|_0^1 - y(t)\frac{d}{dt}(tV_1(t))|_0^1 + \int_0^1 y(t)\frac{d^2}{dt^2}(tV_1(t))dt \\
&+ \frac{1}{2}y(t)V_1(t)|_0^1 - \frac{1}{2}\int_0^1 y(t)V'_1(t)dt + a\int_0^1 y(t)V_1(t)dt \\
&= y'(t)tV_1(t)|_0^1 - y(t)\frac{d}{dt}(tV_1(t))|_0^1 + \frac{1}{2}y(t)V_1(t)|_0^1 + \\
&+ \int_0^1 y(t)\left[\frac{d^2}{dt^2}(tV_1(t)) - \frac{1}{2}V'_1(t) + aV_1(t)\right]dt \\
&= y'(t)tV_1(t)|_0^1 - y(t)\frac{d}{dt}(tV_1(t))|_0^1 + \frac{1}{2}y(t)V_1(t)|_0^1.
\end{aligned}$$

3. Жоғарыдағы 2) есептеулердегідей соңғы интегралды есептесек келесі теңдікті аламыз

$$\begin{aligned}
\int_0^1 f(t)V_2(t)dt \quad &= \int_0^1 \left(ty''(t) + \frac{1}{2}y'(t) + ay(t)\right)V_2(t)dt \\
&= y'(t)tV_2(t)|_0^1 - y(t)\frac{d}{dt}(tV_2(t))|_0^1 + \frac{1}{2}y(t)V_2(t)|_0^1
\end{aligned}$$

Ендеше 1), 2) және 3) есептеулерінің нәтижесін біріктіре отырып келесі теңдік орынды екеніне көз жеткіземіз:

$$\begin{aligned}
y(x) \quad &= \int_1^x f(t)Y_0(x,t)dt + \\
&+ q_1\cos2\sqrt{ax}\int_0^1 f(t)V_1(t)dt + q_2\sin2\sqrt{ax}\int_0^1 f(t)V_2(t)dt \\
&= y'(t)tY_0(x,t)|_0^x - y(t)\frac{d}{dt}(tY_0(x,t))|_0^x + \frac{1}{2}y(t)Y_0(x,t)|_0^x + \\
&+ q_1\cos2\sqrt{ax}\left[y'(t)tV_1(t)|_0^1 - y(t)\frac{d}{dt}(tV_1(t))|_0^1 + \frac{1}{2}y(t)V_1(t)|_0^1\right] \\
&+ q_2\sin2\sqrt{ax}\left[y'(t)tV_2(t)|_0^1 - y(t)\frac{d}{dt}(tV_2(t))|_0^1 + \frac{1}{2}y(t)V_2(t)|_0^1\right].
\end{aligned} \tag{2.1.18}$$

Қарапайым есептеулерден төменгі теңдіктердің дұрыстығын көре аламыз

$$
\begin{aligned}
\frac{d}{dt}(tY_0(x,t)) &= \frac{d}{dt}\frac{t\sin 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{\sqrt{at}} \\
&= \frac{\sin 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})-2\sqrt{at}\cos 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{2\sqrt{at}}; \\
\frac{d}{dt}(tV_1(t)) &= -\frac{d}{dt}\frac{t\sqrt{a}}{\sqrt{t}}\sin 2\sqrt{at} = -\frac{\sqrt{a}\sin 2\sqrt{at}}{2\sqrt{t}} - a\cos 2\sqrt{at}; \\
\frac{d}{dt}(tV_2(t)) &= \frac{d}{dt}\frac{t\sqrt{a}}{\sqrt{t}}\cos 2\sqrt{at} = \frac{\sqrt{a}\cos 2\sqrt{at}}{2\sqrt{t}} - a\sin 2\sqrt{at}.
\end{aligned}
$$

Енді $Y_0(x,x) = 0$ екенін ескере отырып (2.1.18) өрнегін есептейік:

$$
\begin{aligned}
y(x) = \;& y'(t)tY_0(x,t)|_0^x - y(t)\frac{d}{dt}(tY_0(x,t))|_0^x + \frac{1}{2}y(t)Y_0(x,t)|_0^x + \\
&+q_1\cos 2\sqrt{ax}\left[y'(t)tV_1(t) - y(t)\frac{d}{dt}(tV_1(t)) + \frac{1}{2}y(t)V_1(t)\right]_0^1 \\
&+q_2\sin 2\sqrt{ax}\left[y'(t)tV_2(t) - y(t)\frac{d}{dt}(tV_2(t)) + \frac{1}{2}y(t)V_2(t)\right]_0^1 \quad (2.1.19) \\
= \;& y'(t)tY_0(x,t)|_0^x - \left(y(t)\frac{d}{dt}(tY_0(x,t)) - \frac{1}{2}y(t)Y_0(x,t)\right)|_0^x + \\
&+q_1\cos 2\sqrt{ax}[A]_0^1 + q_2\sin 2\sqrt{ax}[B]_0^1.
\end{aligned}
$$

Мұндағы A және B белгілеулерінің түрі төменде беріледі. Қолайлылық үшін мұндағы қосылғыштарды бөлек есептеп, артынан біріктіреміз:

$$
\begin{aligned}
y'(t)tY_0(x,t)|_0^x &= \sqrt{t}y'(t)\sqrt{t}Y_0(x,t)\Big|_0^x = \sqrt{t}y'(t)\sqrt{t}\frac{\sin 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{\sqrt{at}}\Bigg|_0^x \\
&= \sqrt{t}y'(t)\frac{\sin 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{\sqrt{a}}\Bigg|_0^x = -\sqrt{t}y'(t)\Big|_{t=0}\frac{\sin 2\sqrt{ax}}{\sqrt{a}},
\end{aligned}
$$

және

$$
\begin{aligned}
\left(y(t)\frac{d}{dt}(tY_0(x,t)) - \frac{1}{2}y(t)Y_0(x,t)\right)\Bigg|_0^x &= y(t)\left(\frac{d}{dt}(tY_0(x,t)) - \frac{1}{2}Y_0(x,t)\right)\Bigg|_0^x \\
&= y(t)\Bigg(\frac{\sin 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t}) - 2\sqrt{at}\cos 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{2\sqrt{at}} \\
&\quad -\frac{1}{2}\frac{\sin 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{\sqrt{at}}\Bigg)\Bigg|_0^x = y(t)\left(\frac{-2\sqrt{at}\cos 2\sqrt{a}(\sqrt{x}-\sqrt{t})}{2\sqrt{at}}\right)\Bigg|_0^x \\
&= y(t) + y(0)\cos 2\sqrt{xa}.
\end{aligned}
$$

(2.1.19) өрнектің күрделілігіне байланысты төмендегі уақытша белгілеулерді енгіздік

$$A = y'(t)tV_1(t) - y(t)\frac{d}{dt}(tV_1(t)) + \frac{1}{2}y(t)V_1(t)$$
$$= -y'(t)t\frac{\sqrt{a}}{\sqrt{t}}\sin 2\sqrt{at} + y(t)\frac{\sqrt{a}\sin 2\sqrt{at}}{2\sqrt{t}} + ay(t)\cos 2\sqrt{at}$$
$$-\frac{1}{2}y(t)\frac{\sqrt{a}}{\sqrt{t}}\sin 2\sqrt{at} = -y'(t)\sqrt{at}\sin 2\sqrt{at} + ay(t)\cos 2\sqrt{at};$$

$$\text{B} = y'(t)tV_2(t) - y(t)\frac{d}{dt}(tV_2(t)) + \frac{1}{2}y(t)V_2(t)$$
$$= y'(t)t\frac{\sqrt{a}}{\sqrt{t}}\cos 2\sqrt{at} - y(t)\frac{\sqrt{a}\cos 2\sqrt{at}}{2\sqrt{t}} + ay(t)\sin 2\sqrt{at}$$
$$+\frac{1}{2}y(t)\frac{\sqrt{a}}{\sqrt{t}}\cos 2\sqrt{at} = y'(t)\sqrt{at}\cos 2\sqrt{at} + ay(t)\sin 2\sqrt{at};$$

$$V_2(t) = \frac{\sqrt{a}}{\sqrt{t}}\cos 2\sqrt{at}, \quad \frac{d}{dt}(tV_2(t)) = \frac{\sqrt{a}\cos 2\sqrt{at}}{2\sqrt{t}} - a\sin 2\sqrt{at},$$

және олардың шекарадағы $[A]|_0^1$, $[B]|_0^1$ мәндерін келесідей есептейміз

$$[A]|_0^1 = -y'(1)\sqrt{a}\sin 2\sqrt{a} + ay(1)\cos 2\sqrt{a} - ay(0);$$

$$[B]|_0^1 = y'(1)\sqrt{a}\cos 2\sqrt{a} + ay(1)\sin 2\sqrt{a}. \tag{2.1.20}$$

Жоғарадағы есептеулерден кейін (2.1.19) теңдігін келесі түде жаза аламыз

$$y(x) = y(x) - \sqrt{t}y'(t)\Big|_{t=0}\frac{\sin 2\sqrt{ax}}{\sqrt{a}} - y(0)\cos 2\sqrt{xa}$$
$$+ q_1\cos 2\sqrt{ax}\left[-y'(1)\sqrt{a}\sin 2\sqrt{a} + ay(1)\cos 2\sqrt{a} - ay(0)\right]$$
$$+ q_2\sin 2\sqrt{ax}\left[y'(1)\sqrt{a}\cos 2\sqrt{a} + ay(1)\sin 2\sqrt{a}\right]. \tag{2.1.21}$$

Теңдіктің екі жағындағы $y(x)$ функциясын жою арқылы келесі тепе-теңдікті аламыз

$$0 = -\sqrt{t}y'(t)\Big|_{t=0}\frac{\sin 2\sqrt{ax}}{\sqrt{a}} - y(0)\cos 2\sqrt{xa} + q_1\cos 2\sqrt{ax}\left[-y'(1)\sqrt{a}\sin 2\sqrt{a} + ay(1)\cos 2\sqrt{a} - ay(0)\right] + q_2\sin 2\sqrt{ax}\left[y'(1)\sqrt{a}\cos 2\sqrt{a} + ay(1)\sin 2\sqrt{a}\right] =$$
$$\cos 2\sqrt{ax}\left[-y(0) + q_1\left(-y'(1)\sqrt{a}\sin 2\sqrt{a} + ay(1)\cos 2\sqrt{a} - ay(0)\right)\right] +$$
$$\sin 2\sqrt{ax}\left[-\frac{1}{\sqrt{a}}\sqrt{t}y'(t)\Big|_{t=0} + q_2\left(y'(1)\sqrt{a}\cos 2\sqrt{a} + ay(1)\sin 2\sqrt{a}\right)\right],$$

ал $\{\cos 2\sqrt{ax}\}$ және $\{\sin 2\sqrt{ax}\}$ сызықты тәуелсіз болғандықтан теңдік нөлге айналу үшін олардың алдындағы коэффиценттері нөл болу керек, демек (2.1.1) теңдеуі үшін жалпы түрдегі шекаралық шарт келесі түрде болады

$$-y(0) + q_1\left(-y'(1)\sqrt{a}\sin 2\sqrt{a} + ay(1)\cos 2\sqrt{a} - ay(0)\right) = 0;$$

$$-\frac{1}{\sqrt{a}}\sqrt{t}y'(t)\Big|_{t=0} + q_2\left(y'(1)\sqrt{a}\cos 2\sqrt{a} + ay(1)\sin 2\sqrt{a}\right) = 0.$$

Еркін q_1, q_2 тұрақтылары нөлге тең болса дербес жағдайында Коши есебін алатынымызды байқау қиын емес. Ал бұл шекаралық шартты матрицалық түрде жазсақ

$$\begin{pmatrix} -1 - aq_1 & aq_1\cos 2\sqrt{a} & 0 & -\sqrt{a}q_1\sin 2\sqrt{a} \\ 0 & a\sqrt{a}q_2\sin 2\sqrt{a} & -1 & aq_2\cos 2\sqrt{a} \end{pmatrix} \begin{pmatrix} y(0) \\ y(1) \\ \sqrt{t}y'(t)\Big|_{t=0} \\ y'(1) \end{pmatrix} = 0. \qquad (2.1.22)$$

Бұл нәтижелерді қорытындылай келе келесі Лемма орынды екеніне көзіміз жетті:

2.1.1 - Лемма Кез келген $f \in L_2(0,1)$ және әрбір $q_1, q_2 \in \mathbb{R}$ үшін (2.1.1) теңдеуінің (2.1.22) шартын қанағаттандыратын жалғыз шешімі бар.

2.2 Бір өлшемді екінші ретті әлсіз азғындалған дифференциалдық теңдеудің жалпы регулярлы шекаралық шарты

Төмендегі екінші ретті дифференциалдық теңдеудің жалпы шешімін тап, $0 \le \beta < 1$ және $0 < a$ болсын

$$\frac{d}{dx}\left(x^{\beta}\frac{d}{dx}y(x)\right) + ay(x) = f(x), \;\; x \in (0,1). \qquad (2.2.1)$$

Бұл теңдеудің шешімін табу үшін Лагранж әдісін қолданайық, ол үшін алдымен біртекті теңдеудің шешімін табайық

$$\frac{d}{dx}\left(x^{\beta}\frac{d}{dx}y(x)\right) + ay(x) = 0, \;\; a > 0, \qquad (2.2.2)$$

бұл біртекті теңдеудің шешімін келесі түрде іздейміз [53].

$$y(x) = x^{\frac{1-\beta}{2}}\left[C_1 J_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) + C_2 Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right],$$

мұнда $C_1, C_2 - const$, $\nu = \frac{1-\beta}{2-\beta}$, ал $J_\nu(x)$ және $Y_\nu(x)$ сәйкесінше бірінші және екінше текті Бессел функциясы.

Енді C_1, C_2 –тұрақтыларын вариациялау әдісі арқылы оларды $C_1(x), C_2(x)$ белгісіз функциялармен алмастырып, теңдеудегі орнынына қояйық. Онда (2.2.1) теңдеуінің жалпы шешімі:

$$y(x) = x^{\frac{1-\beta}{2}}\left[C_1(x)J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) + C_2(x)Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right],$$

Ал мұндағы $C_1(x), C_2(x) -$ белгісіз функцияларын табу үшін төмендегі теңдеулер жүйесін шешейік

$$\begin{cases} C'_1(x)x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) + C'_2(x)x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) = 0, \\ C'_1(x)\frac{d}{dx}\left(x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right) + C'_2(x)\frac{d}{dx}\left(x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right) = \frac{f(x)}{x^\beta}. \end{cases} \tag{2.2.3}$$

Бұл теңдеулер жүйесінің Вронский анықтауышын есептейік

$$\begin{aligned} W = {} & x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot\frac{d}{dx}\left(x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right) \\ & - x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{d}{dx}\left(x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right) \\ = {} & x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot\frac{d}{dx}\left[x^{\frac{1-\beta}{2}}\right]\cdot Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) + x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) \\ & \cdot\left[x^{\frac{1-\beta}{2}}\right]\cdot\frac{d}{dx}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) - x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot\frac{d}{dx}\left[x^{\frac{1-\beta}{2}}\right] \\ & \cdot J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) - x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot\left[x^{\frac{1-\beta}{2}}\right] \\ & \cdot\frac{d}{dx}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) \\ = {} & x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot\left[x^{\frac{1-\beta}{2}}\right]\cdot\frac{d}{dx}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) - x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) \\ & \cdot\left[x^{\frac{1-\beta}{2}}\right]\cdot\frac{d}{dx}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) \end{aligned}$$

$$= x^{1-\beta}\left[J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot\frac{d}{dx}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) - Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot\frac{d}{dx}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right] \quad (2.2.4)$$

Бессел функциясына қатысты туындыларды есептеу үшін келесідей алмастыру енгізейік: $\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} := b$; $x^{\frac{2-\beta}{2}} := t$; онда $x^{\frac{1-\beta}{2}} = t^{\nu}$, мұндағы $\nu = \frac{1-\beta}{2-\beta}$. Онда келесі теңдік орынды екенін қарапайым есептеулерден аламыз

$$\frac{d}{dx}\left(x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right) = \frac{2-\beta}{2}t^{-\frac{\beta}{2-\beta}}\frac{d}{dt}\left(t^{\nu}J_\nu(bt)\right) = \frac{2-\beta}{2}t^{-\frac{\beta}{2-\beta}}bt^{\nu}J_{\nu-1}(bt) =$$
$$\frac{2-\beta}{2}x^{-\frac{\beta}{2}}\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{1-\beta}{2}}J_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) = \sqrt{a}x^{\frac{1-2\beta}{2}}J_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) \quad (2.2.5)$$

Дәл сол сияқты екінші текті Бессел функциясы үшін де келесі теідікті аламыз

$$\frac{d}{dx}\left(x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right) = \sqrt{a}x^{\frac{1-2\beta}{2}}Y_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right). \quad (2.2.6)$$

Демек, (2.2.4) Вронский анықтауышын келесі түрде қайта жазып алуға болады

$$\begin{aligned} W = x^{1-\beta}&\left[J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot\frac{d}{dx}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) - Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right.\\ &\left.\cdot\frac{d}{dx}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right]\\ &= x^{1-\beta}\left[J_\nu(bt)\cdot\frac{2-\beta}{2}t^{-\frac{\beta}{2-\beta}}\frac{d}{dt}Y_\nu(bt) - Y_\nu(bt)\right.\\ &\left.\cdot\frac{2-\beta}{2}t^{-\frac{\beta}{2-\beta}}\frac{d}{dt}J_\nu(bt)\right]\\ &= x^{1-\beta}\frac{2-\beta}{2}t^{-\frac{\beta}{2-\beta}}\left[J_\nu(bt)\cdot\frac{d}{dt}Y_\nu(bt) - Y_\nu(bt)\cdot\frac{d}{dt}J_\nu(bt)\right]\end{aligned}$$

Онда белгілі $W\{J_\nu(z), Y_\nu(z)\} = J_\nu(z)Y'_\nu(z) - J'_\nu(z)Y_\nu(z) = \frac{2}{\pi z}$ теңдігін [54] ескере отырып Вронский анықтауышы келесі түрге ие екенін аламыз

$$\begin{aligned} W = x^{1-\beta}\frac{2-\beta}{2}bt^{-\frac{\beta}{2-\beta}}W\{J_\nu(bt), Y_\nu(bt)\} &= x^{1-\beta}\frac{2-\beta}{2}t^{-\frac{\beta}{2-\beta}}\cdot\frac{2}{\pi t}\\ &= x^{1-\beta}\frac{2-\beta}{2}\left(x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)^{-\frac{\beta}{2-\beta}}\cdot\frac{2}{\pi x^{\frac{2-\beta}{2}}} = \frac{2-\beta}{\pi}x^{1-\beta-\frac{2-\beta}{2}\cdot\frac{\beta}{2-\beta}-\frac{2-\beta}{2}}\\ &= \frac{2-\beta}{\pi}x^{-\beta};\end{aligned}$$

(2.2.7)

Ал

$$W_1=\begin{vmatrix}0 & x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\\ \frac{f(x)}{x^\beta} & \frac{d}{dx}\left(x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)\end{vmatrix}=-x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot\frac{f(x)}{x^\beta}$$

$$=-x^{\frac{1-3\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot f(x);$$

және

$$W_2=\begin{vmatrix}x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) & 0\\ \frac{d}{dx}\left(x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right) & \frac{f(x)}{x^\beta}\end{vmatrix}=x^{\frac{1-3\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot f(x);$$

Белгісіз $C_1(x), C_2(x)$ функциялары үшін сәйкесінше келесі теңдеулерді аламыз

$$C'_1(x)=\frac{W_1}{W}=-\frac{x^{\frac{1-3\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot f(x)}{\frac{2-\beta}{\pi}x^{-\beta}.}$$

$$=-\frac{\pi}{2-\beta}\ x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot f(x);$$

және

$$C'_2(x)=\frac{W_2}{W}=\frac{\pi}{2-\beta}\ x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\cdot f(x).$$

Енді жоғарыдағы теңдіктің екі жағын да 0 мен x аралығында интегралдасақ ізделінді функцияларын табамыз

$$C_1(x)=-\frac{\pi}{2-\beta}\int_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt+c_1; \qquad (2.2.8)$$

$$C_2(x)=\frac{\pi}{2-\beta}\int_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt+c_2, \qquad (2.2.9)$$

мұнда $c_1,\ c_2$ —тұрақты сандар.

Онда (2.2.1) теңдеуінің жалпы шешімі:

$$y(x) = x^{\frac{1-\beta}{2}}\Bigg[-J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{\pi}{2-\beta}\int_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt$$

$$+Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{\pi}{2-\beta}\int_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt$$

$$+c_1J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)+c_2Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\Bigg]. \tag{2.2.10}$$

Бессел функциясының дәрежелік қатарға жіктелуі оң ν саны үшін келемі өрнек түрінде болатыны белгілі [55]

$$J_\nu(x) = \sum_{k=0}^{\infty}\frac{(-1)^k\left(\frac{z}{2}\right)^{\nu+2k}}{k!\,\Gamma(\nu+k+1)} = \left(\frac{z}{2}\right)^{\nu}\sum_{k=0}^{\infty}\frac{(-1)^k\left(\frac{z}{2}\right)^{2k}}{k!\,\Gamma(\nu+k+1)}$$

ал теріс индексі үшін

$$J_{-\nu}(z) = \sum_{k=0}^{\infty}\frac{(-1)^k\left(\frac{z}{2}\right)^{-\nu+2k}}{k!\,\Gamma(-\nu+k+1)} = \left(\frac{z}{2}\right)^{-\nu}\sum_{k=0}^{\infty}\frac{(-1)^k\left(\frac{z}{2}\right)^{2k}}{k!\,\Gamma(-\nu+k+1)}.$$

Онда $0 < \nu = \frac{1-\beta}{2-\beta} < 1$ саны үшін $J_\nu(z)$ және $Y_\nu(z)$ стандартты Бессел функцияларының $z \longrightarrow 0$ кезіндегі ассимптотикалары белгілі

$$J_\nu(z) \sim \frac{z^\nu}{2^\nu\Gamma(\nu+1)}$$

мұнда $\nu \neq \pm1, \pm2, \ldots$

$$J_{-\nu}(z) \sim \frac{2^\nu}{z^\nu\Gamma(1-\nu)}. \tag{2.2.11}$$

Біздің жағдайда $\nu - 1 < 0$, онда

$$J_{\nu-1}(z) \sim \frac{2^{1-\nu}}{z^{1-\nu}\Gamma(\nu)},$$

Ал екінші текті Бессел функциясы бірінші текті Бессел функциясымен өрнектеледі:

$$Y_\nu(z)=\frac{cos(\nu\pi)}{sin(\nu\pi)}J_\nu(z)-\frac{1}{sin(\nu\pi)}J_{-\nu}(z)$$

Демек оның асимтотикалары

$$\begin{cases} Y_\nu(z)\sim-\frac{1}{sin(\nu\pi)}J_{-\nu}(z), & \text{егер } \nu>0; \\ Y_\nu(z)\sim\frac{cos(\nu\pi)}{sin(\nu\pi)}J_\nu(z), & \text{егер } \nu<0. \end{cases} \tag{2.2.11*}$$

Коши есебінің қойылуы: (2.2.1) теңдеуінің

$$y(x)=x^{\frac{1-\beta}{2}}\left[\frac{\pi}{2-\beta}\int_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}\left[J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right.\right.$$
$$\left.\left.-J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right]dt\right] \tag{2.2.12}$$

шешімі келесі бастапқы шарттарды қанағаттандырады

$$y(x)|_{x=0}=0,\ \ x^\beta y'(x)\big|_{x=0}=0. \tag{2.2.13}$$

(2.2.13) түріндегі бастапқы шарт –түрлендірілген бастапқы шарт деп аталады. (2.2.12) шешім үшін (2.2.13) шартының орындалатынын тексерейік.

Бессел функцияларының $z\longrightarrow 0$ кезіндегі ассимптотикаларын ескере отырып $y(x)|_{x=0}=0,\ \ x^\beta y'(x)\big|_{x=0}=0$ шарттарын тексеру қиын емес, дәлірек айтқында

$$\begin{aligned} y(x)|_{x=0}&=-x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\bigg|_{x=0}\frac{\pi}{2-\beta}\int_0^0 f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt \\ &+x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\bigg|_{x=0}\frac{\pi}{2-\beta}\int_0^0 f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt \\ &=0\cdot 0-\frac{1}{sin(\nu\pi)}\frac{2^\nu}{\Gamma(1-\nu)}\cdot 0=0; \end{aligned}$$

$x^\beta y'(x)\big|_{x=0}=0$ шартын тексеру үшін алдымен $\frac{d}{dx}y(x)$ туындысын есептеп алайық. Ол үшін (2.2.5)-(2.2.6) өрнектерді қолданатын боламыз.

$$\frac{d}{dx}y(x) = -\frac{d}{dx}\left(x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)\frac{\pi}{2-\beta}\int\limits_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt$$

$$-x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{d}{dx}\left(\frac{\pi}{2-\beta}\int\limits_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt\right)$$

$$+\frac{d}{dx}\left(x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)\frac{\pi}{2-\beta}\int\limits_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt$$

$$+x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{d}{dx}\left(\frac{\pi}{2-\beta}\int\limits_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt\right)=$$

$$=-\sqrt{a}x^{\frac{1-2\beta}{2}}J_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{\pi}{2-\beta}\int\limits_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt$$

$$-x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\left(\frac{\pi}{2-\beta}f(x)x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)$$

$$+\sqrt{a}x^{\frac{1-2\beta}{2}}Y_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{\pi}{2-\beta}\int\limits_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt$$

$$+x^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\left(\frac{\pi}{2-\beta}f(x)x^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)=$$

$$=-\sqrt{a}x^{\frac{1-2\beta}{2}}J_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{\pi}{2-\beta}\int\limits_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt$$

$$+\sqrt{a}x^{\frac{1-2\beta}{2}}Y_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{\pi}{2-\beta}\int\limits_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt; \tag{2.2.14}$$

онда

$$x^\beta y'(x)\Big|_{x=0} = -x^{\beta+\frac{1-2\beta}{2}}\Big|_{x=0}J_{\nu-1}(0)\cdot 0 - x^{\frac{1}{2}}\Big|_{x=0}\frac{cos((\nu-1)\pi)}{sin((\nu-1)\pi)}\frac{2^{1-\nu}}{\Gamma(\nu)b^{1-\nu}}\cdot 0 = 0.$$

Енді (2.2.1) теңдеуінің (2.2.10) жалпы шешіміне оралайық. Тұрақты c_1, c_2 – сандары 1-тарауда көрсетілгендей f-ке тәуелді функционал және ол қойылған есепке түйіндес есептің біртекті жағдайындағы шешімі арқылы өрнектеледі. Сол үшін енді (2.1.3)-ге түйіндес есептің біртекті жағдайы үшін дербес шешімдерін табайық. Түйіндес теңдеуді табу үшін $y(x)|_{x=0} = 0,\ x^{\beta} y'(x)\big|_{x=0} = 0$ шарттарын ескеріп келесі скаляр көбейтіндіні есептейік:

$$
\begin{aligned}
\langle \frac{d}{dx}\left(x^{\beta}\frac{d}{dx}y\right) + ay, v\rangle_{L_2(0,1)} &= \langle \frac{d}{dx}\left(x^{\beta}\frac{d}{dx}y\right), v\rangle_{L_2(0,1)} + \langle ay, v\rangle_{L_2(0,1)} \\
&= x^{\beta}y'(x)v(x)\big|_0^1 - \langle x^{\beta}y', v'\rangle_{L_2(0,1)} + \langle y, av\rangle_{L_2(0,1)} \\
&= x^{\beta}y'(x)v(x)\big|_0^1 - \langle y', x^{\beta}v'\rangle_{L_2(0,1)} + \langle y, av\rangle_{L_2(0,1)} \\
&= x^{\beta}y'(x)v(x)\big|_0^1 - y(x)x^{\beta}v'(x)\big|_0^1 + \langle y, \frac{d}{dx}\left(x^{\beta}\frac{d}{dx}v(x)\right)\rangle_{L_2(0,1)} \\
&+ \langle y, av\rangle_{L_2(0,1)} = \langle y, \frac{d}{dx}\left(x^{\beta}\frac{d}{dx}v(x)\right) + av\rangle_{L_2(0,1)};
\end{aligned}
$$

Демек, түйіндес есеп келесі түрде болады

$$
\begin{cases}
\frac{d}{dx}\left(x^{\beta}\frac{d}{dx}v(x)\right) + av(x) = g(x); \\
v(1) = 0,\ \ v'(1) = 0.
\end{cases}
$$

Келесі біртекті теңдеудің шешімін табайық

$$\frac{d}{dx}\left(x^{\beta}\frac{d}{dx}v(x)\right) + av(x) = 0.$$

Ал бұл біртекті теңдеудің шешімі де (2.2.2) теңдеуінің жалпы шешімімен бірдей түрге ие, яғни

$$v(x) = x^{\frac{1-\beta}{2}}\left[q_1 J_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) + q_2 Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right],$$

Енді (2.2.1) теңдеуі үшін жалпы шекаралық шартын табайық, онда осы жалпы түрдегі шекаралық шартты қанағаттандыратын жалғыз шешімді іздеп отырғандықтан c_1, c_2 тұрақтылары f —ке сызықты үзіліссіз тәуелді, демек

$$c_1 = c_1(f),\ \ c_2 = c_2(f)$$

f —ке сызықты үзіліссіз тәуелді функционалдар, онда Рисс теоремасы бойынша

$$c_1 = \int_0^1 \sigma_1(x) f(x)dx,\ \ c_2 = \int_0^1 \sigma_2(x) f(x)dx.$$

Бірінші тарауда белгілі болғандай σ_1, σ_2 жұбы түйіндес оператордың өзегінде жатыр. Демек

$$c_1 = q_1 \int_0^1 x^{\frac{1-\beta}{2}} Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) f(x)dx, \tag{2.2.18}$$

$$c_2 = q_2 \int_0^1 x^{\frac{1-\beta}{2}} J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) f(x)dx, \tag{2.2.19}$$

онда жалпы шешімді келесі түрде қайта жазайық

$$\begin{aligned} y(x) = x^{\frac{1-\beta}{2}} \Bigg[& \frac{\pi}{2-\beta} \int_0^x f(t) t^{\frac{1-\beta}{2}} \Bigg[J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} t^{\frac{2-\beta}{2}}\right) Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) \\ & - J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\Bigg] dt \\ & + \Bigg[q_1 J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) \\ & + q_3 Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\Bigg] \int_0^1 t^{\frac{1-\beta}{2}} J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} t^{\frac{2-\beta}{2}}\right) f(t) dt \\ & + \Bigg[q_2 Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} x^{\frac{2-\beta}{2}}\right) \\ & + q_4 J_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\Bigg] \int_0^1 t^{\frac{1-\beta}{2}} Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} t^{\frac{2-\beta}{2}}\right) f(t) dt \Bigg], \end{aligned} \tag{2.2.20}$$

мұнда $q_1, q_2, q_3, q_4 -$ кез келген тұрақты сан.

(2.2.1) теңдеуі үшін жалпы түрдегі шекаралық шарт табу үшін бірінші тараудағыдай, (2.2.20) өрнегіндегі f функциясын (2.2.1) теңдеуінің сол жағымен, яғни $\frac{d}{dx}\left[x^\beta \frac{d}{dx} y(x)\right] + ay(x)$ өрнегімен алмастырып, бөліктеп интегралдау әдісін қолданатын боламыз. Төменде жасалатын есептеулердің бәрінде Бессел функциясының 0-дегі мәндері (2.2.11) өрнегіндегі асимптотикалық формуласын пайдалану арқылы табылатын болады.

Ыңғайлылық үшін әрбір интегралдарды бөлек есептеп алайық:

i) $\int_0^x f(t) t^{\frac{1-\beta}{2}} Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} t^{\frac{2-\beta}{2}}\right) dt = \int_0^x \left(\frac{d}{dt}\left(t^\beta \frac{d}{dt} y(t)\right) + ay(t)\right) t^{\frac{1-\beta}{2}} Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} t^{\frac{2-\beta}{2}}\right) dt = t^{\frac{1-\beta}{2}} Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} t^{\frac{2-\beta}{2}}\right) t^\beta \frac{d}{dt} y(t)\Big|_0^x - t^\beta \frac{d}{dt}\left(t^{\frac{1-\beta}{2}} Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right) y(t)\Big|_0^x + \int_0^x y(t) \left(\frac{d}{dt}\left(t^\beta \frac{d}{dt}\left[t^{\frac{1-\beta}{2}} Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right]\right) + a t^{\frac{1-\beta}{2}} Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta} t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right) dt;$

мұнда $t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)$ функциясы (2.2.2) біртекті теңдеудің шешімі екені белгілі, демек

$$\frac{d}{dt}\left(t^\beta\frac{d}{dt}\left[t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right]\right)+at^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)=0.$$

Онда

$$\int\limits_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt$$
$$=t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)t^\beta\frac{d}{dt}y(t)\Bigg|_0^x$$
$$-t^\beta\frac{d}{dt}\left(t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)y(t)\Bigg|_0^x+0;$$

Ал $J_\nu(z)$ жəне $Y_\nu(z)$ Бессел функцияларының $z\longrightarrow 0$ кезіндегі (2.2.11) асимптотикаларын ескере отырып шекарадағы мəндерін есептейік. Онда

$$t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)t^\beta\frac{d}{dt}y(t)\Bigg|_0^x$$
$$=x^{\frac{1+\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{d}{dx}y(x)+\frac{2^\nu}{b^\nu sin(\nu\pi)\Gamma(1-\nu)}t^\beta\frac{d}{dt}y(t)\bigg|_{t=0}$$
$$=x^{\frac{1+\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{d}{dx}y(x)$$
$$+\frac{(2-\beta)^\nu}{\sqrt{a}^\nu sin(\nu\pi)\Gamma(1-\nu)}t^\beta\frac{d}{dt}y(t)\bigg|_{t=0};$$

Ал (2.2.6) формуладан

$$-t^\beta\frac{d}{dt}\left(t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_\nu\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)y(t)\Bigg|_0^x=-\left(\sqrt{a}t^{\frac{1}{2}}Y_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)y(t)\Bigg|_0^x;$$

мұнда $\nu-1<0$, онда $Y_{\nu-1}(z)\sim\frac{cos((\nu-1)\pi)}{sin((\nu-1)\pi)}J_{\nu-1}(z)=-ctg\big((1-\nu)\pi\big)J_{\nu-1}(z)$, онда

$$-t^{\beta}\frac{d}{dt}\left(t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)y(t)\Bigg|_0^x = -\left(\sqrt{a}t^{\frac{1}{2}}Y_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)y(t)\Bigg|_0^x$$

$$= -\sqrt{a}x^{\frac{1}{2}}Y_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)y(x)$$

$$+\frac{\sqrt{a}^{\nu}(2-\beta)^{1-\nu}ctg\big((1-\nu)\pi\big)}{\Gamma(\nu)}y(0),$$

теңдігін аламыз, демек

$$\int_0^x f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt$$

$$= t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)t^{\beta}\frac{d}{dt}y(t)\Bigg|_0^x$$

$$-t^{\beta}\frac{d}{dt}\left(t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)y(t)\Bigg|_0^x$$

$$= x^{\frac{1+\beta}{2}}Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\frac{d}{dx}y(x) + \frac{(2-\beta)^{\nu}\sqrt{a}^{-\nu}}{sin(\nu\pi)\Gamma(1-\nu)}\left[t^{\beta}\frac{d}{dt}y(t)\right]\Bigg|_{t=0}$$

$$-\sqrt{a}x^{\frac{1}{2}}Y_{\nu-1}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}x^{\frac{2-\beta}{2}}\right)y(x) + \frac{\sqrt{a}^{\nu}(2-\beta)^{1-\nu}ctg((1-\nu)\pi)}{\Gamma(\nu)}y(0).$$

ii)

i)-дегі есептеу техникаларын пайдаланып $\int_0^1 f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt$ анықталған интегралын есептейік:

$$\int_0^1 f(t)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt = \int_0^1\left(\frac{d}{dt}\left(t^{\beta}\frac{d}{dt}y(t)\right)+ay(t)\right)t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)dt =$$
$$t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)t^{\beta}\frac{d}{dt}y(t)\Bigg|_0^1 - t^{\beta}\frac{d}{dt}\left(t^{\frac{1-\beta}{2}}Y_{\nu}\left(\frac{2\sqrt{a}}{2-\beta}t^{\frac{2-\beta}{2}}\right)\right)y(t)\Bigg|_0^1 +$$
